



КОДЕКС ЗАМАНА
СҰРАНЫСЫНАН ТУДЫ

4-бет



ҰЛЫТАУЛЫҚ
ҰЛАҒАТ ИЕСІ

6-бет

ЗАН

газеті

ZANMEDIA.KZ

Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

✉ zangazet@mail.ru

№50 (3581) 11 шілде 2023



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

ІРІ МЕГАПОЛИСТЕР - МЕМЛЕКЕТ ӨЗЕГІ



Елордада «Астананың 25 жылдығы. Жаңа перспективалар. Жаңа мүмкіндіктер» деген тақырыппен бауырлас қалалар әкімдерінің форумы өтті. Қала басшыларының, әлемнің 15 елінің беделді сарапшылардың, әлемдік бизнес көшбасшыларының, қаржы институттарының, мемлекеттік және ғылыми қайраткерлердің, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың өкілдері қатысқан форум жұмысы 8 панельдік сессия арқылы жүрді.

(Соңы 3-бетте)



ҰТЫСТАН
ҚҰР
ҚАЛМАҢЫЗ!

Біздің басылымдарға жазылып,
ұтысты болыңыз!
Басты сыйлық – **АЙФОН 14 ПРО МАКС!**

Бұдан бөлек: Айфонның құлаққабы, сағаты, 2 REDMI NOTE 11 Pro ойнатылады. Сондай-ақ, қысқатолқынды пеш, шаңсорғыш, үтік секілді көптеген тұрмыстық техникалар бар. Бірқатар жұлдегер «Заң» медиа-корпорациясының қолдауымен жарыққа шыққан «ШЫТЫРМАН» шығармалар жинағына ие болады.

**ҰТЫСҚА ҚАТЫСУ
ҮШІН НЕ КЕРЕК?**

Ол үшін пошта бөлімшесіне барып:

«Заң газетіне» (индекс – 65921); «Юридическая газетаға» (индекс – 65928); «Заң» журналына (индекс – 75849); «Фемида» журналына (индекс – 75858) жыл соңына дейін жазылып, түбіртектегі көшірмесін бізге жолдасаңыздар болғаны!

Екі басылымға жазылғандардың мүмкіндігі екі есе өседі!

ҰТЫС ИЕГЕРЛЕРІ 17 ШІЛДЕДЕ АНЫҚТАЛАДЫ.

Ал, іске сәт!



СҰХБАТ

«ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН АСҚАН БАЙЛЫҚ ЖОҚ»

Қаңтар оқиғасына қатысты байыппен саралап, әділетті бағасын беретін, салмақты сараптама жасайтын мәселе көп. Қаралы күндер тарихына үңілген сайын сабақ алатын тұстардың да бар екенін байқайсыз. Ел қай кезде де әділетті төрелік пен ашықтықты күтеді. Құзырлы органдар бүгін де қаңтар оқиғасына қатысты үкімдерін жариялап, мемлекет жаңашылдық пен әділет принциптерін негізге алатынын дәлелдеп жатыр. Біздің бүгінгі мақсат – ел жадындағы қаралы күндерді қайта жаңғырту емес, сол кезеңдерде толықтай қирап, пайдалануға жарамсыз болып қалған мекеме, ғимараттардың да қайта бой көтеріп, замана талабына сай жабдықталып, ел игілігіне қайта қызмет ете бастағанын айту, жариялау.

Бұл ретте, қаңтар күндерінде қатты зардап шеккендердің бірі – Қызылорда облыстық сотының ғимараты. «Төтенше жағдай кезінде жайлы орын іздеп отыратындай мүмкіндік болмады, қолда бар дүниемізді ұқсатып, жұмыс процесін тоқтатпауға бекіндік. Адам тағдыры шешілетін сәтте осалдық танытпауымыз керегін жақсы түсіндік», – дейді ҚР Соттар әкімшілігінің Қызылорда облыстық департаментінің басшысы Сағатбек Сүлеймен.

(Соңы 5-бетте)



ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

АЗАМАТТАРДЫҢ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ

2022 жылдың 1 шілдесінен бастап ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талаптарына сәйкес, мемлекеттік органның, жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару органының, сайлау комиссиясының, кәсіпорынның, ұйымның, олардың лауазымды адамдарының шешімімен, әрекетімен (әрекетсіздігімен) сайлау немесе сайлану, сайлауға, референдумға қатысуға байланысты даулар әкімшілік іс жүргізу тәртібімен қаралады.

ҚР Орталық сайлау комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), Орталық референдум комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы әкімшілік істер ҚР Жоғарғы Соты бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша қаралады.

Аумақтық сайлау комиссиялары мен учаскелік сайлау комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), аумақтық референдум комиссияларының және

учаскелік референдум комиссияларының шешімдері мен әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) дау айту туралы істер мамандандырылған әкімшілік соттарда және аудандық соттарда әкімшілік актінің шығарылған орны бойынша немесе жауапкердің орналасқан жері бойынша қаралады.

Мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың референдум ұйымдастыру және өткізу мәселелері жөніндегі іс-әрекетіне сотқа шағым жасалу мүмкін.

«Республикалық референдум

туралы» конституциялық заңының талабына сәйкес, республикалық референдумға қатысуға құқығы бар азаматтардың тізімімен таныстыру, тізімдегі қателіктер мен жаңсақтықтар туралы арыздарды қарап, оларға тиісті өзгертулер енгізу, мәселелерді шешу; азаматтарға дауыс беретін күнді, уақытты, орынды және оның тәртібі туралы хабарлау жұмыстары референдум өткізілетін күні учаскеде дауыс беруді ұйымдастыратын учаскелік референдум комиссияларына жүктелген.

Референдум туралы заңның бұзылуына қатысты арыздар мен шағымдарды аумақтық референдум комиссиялары қарайды. Яғни егер сайлаушы өзінің тізімге енгізілмегенін немесе қате енгізілгенін анықтаса, алдымен учаскелік ре-

ферендум комиссиясына жүгінеді. Учаскелік референдум комиссиясы тізімге енгізуден немесе ондағы қателіктер мен жаңсақтықтарды жоюдан бас тартса, сайлаушы аумақтық референдум комиссиясына жүгінуге құқылы.

Аумақтық референдум комиссиясы шағымды қарау нәтижесі бойынша шешім шығарады.

«ҚР сайлау туралы» Конституциялық заңының 26-бабында әрбір азамат (таңдаушы) сайлаушылар тізімдеріндегі өзі туралы деректерді тексеруге және тізімге енгізілмегенін, дұрыс енгізілмегенін немесе тізімнен шығарып тасталғаны, сондай-ақ тізімдердегі сайлаушы (таңдаушы) туралы деректерде жаңсақтық жіберілгені үшін шағымдануға құқылы.

Сайлаушылар тізіміне енгізу,

одан шығару не тізімдерге түзетулер жасау қажеттігі туралы арыздарды тиісті сайлау комиссиясы сайлау комиссиясына арыз келіп түскен күні қарайды.

Арыз мақұлданбаған жағдайда сайлау комиссиясы арызданушыға оның арызының мақұлданбағаны туралы дәлелді шешімнің көшірмесін кешіктірмей береді.

Бұл шешімдермен келіспеген жағдайда сайлаушы сотта даулауға құқылы.

Сотта сайлаушылардың тізімдерін түзету қажеттігі туралы сайлау комиссиясының шешіміне келтірген шағымдар түскен күні қаралады.

Егер «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» және «Республикалық референдум туралы» конституциялық заңдарында өзгеше көзделмесе, сайлауды, республикалық референдумды дайындау және өткізу кезеңінде, сондай-ақ дауыс беру күнінен бастап бір ай ішінде келіп түскен әкімшілік істер бес күндік мерзімде қаралады.

(Соңы 4-бетте)

Маңғыстау облыстық сотында 2023 жылдың I жартыжылдығындағы сот төрелігін жүзеге асыру қорытындылары бойынша кеңейтілген жиналыс өтті.

МАҚСАТЫМЫЗ - ЖҮКТЕЛГЕН МІНДЕТТІ САПАЛЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУ



Іс-шараға Маңғыстау облыстық сотының төрағасы Б.Әметов, алқа төрағалары, облыстық соттың судьялары, аудандық және оған теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары, Сот әкімшілігінің Маңғыстау облысы бойынша департамент басшысы, бөлім басшылары мен сот әкімшілері қатысты.

Кеңейтілген жиналыста Б.Әметов сот төрелігіне деген қоғамның сенімін арттыру маңызды екеніне тоқталып, істерді созбалаңға салуға жол бермеу, әділ соттың нәтижесіне қол жеткізу, сот актілерін тараптарға түсіндіру, істерді сапалы қарау, мемлекеттік тілдің қолданысын арттыру, бірыңғай сот тәжірибесін қалыптастыру, қоғамның қызығушылығын туғызған істер бойынша ақпараттарды сапалы әрі дер кезінде қоғамға жеткізе білу мәселелерін атап өтті.

Іс-шарада өңірдегі сот төрелігін сапалы атқару, татуласу рәсімдері бойынша жұмыстарды Алгоритм және енгізілген өзгерістерге сәйкес жүргізу, істерді оңайлатылған тәртіпте қарап, аяқтау көрсеткіштерін көтеру, соттардың жұмысын одан әрі жетілдіру мәселелері бойынша алқа төрағалары баяндама жасады.

Кеңейтілген жиналыста қылмыстық және әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер бойынша атқарылған жұмыстардың нәтижелерін қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Б.Елемесов екселеді.

«Есепті кезеңде 603 тұлғаға қатысты 518 қылмыстық іс аяқталған (2022 жылы – 697 тұлғаға қатысты 594 қылмыстық іс қаралған), яғни 76 іске азайған. Сондай-ақ өңірде 4 тұлғаға қатысты ақтау үкімі шығарылған (Ақтау қалалық сотында – 4)», – деді Б.Елемесов.

Бірінші жартыжылдықта онша ауыр емес, ауырлығы орташа, ауыр және аса ауыр қылмыстар бойынша сотталғандар саны 492 болса, оның ішінде бас бостандығынан айырылғандар саны – 156.

Қылмыс санаттары бойынша:

– онша ауыр емес санаттағы қылмыс жасағаны үшін 52 тұлға сотталып, оның ішінде 6-уына бас бостандығынан айыру жазасы, ауырлығы орташа санаттағы қылмыс жасағаны үшін 66 тұлға сотталып, оның ішінде 12-не бас бостандығынан айыру жазасы, ауыр санаттағы қылмыстық істер бойынша 224 тұлға сотталып,

оның 118-не бас бостандығынан айыру жазасы, аса ауыр қылмыстар бойынша 20 тұлға сотталып, 20-на бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Өңірде сотталған әйел адамдар саны – 53, онша ауыр емес – 8, ауырлығы орташа – 6, ауыр – 32, аса ауыр – 3, теріс қылықпен – 4.

Ал 2023 жылдың I жартыжылдығында 4559 тұлғаға қатысты 4559 әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер аяқталған, өткен жылмен салыстырғанда әкімшілік құқықбұзушылық туралы істер азайған.

Одан әрі Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Г.Бақытжанова өңір соттарының азаматтық істер бойынша атқарылған жұмысын қорытындылап, есепті кезеңде татуласу рәсімдері бойынша 463 іс (2022 ж. – 424) медиация тәртібімен, 408 іс (2022 ж. – 319) іс бітімгершілікке және 2 іс (2022ж.- 4) партисипативтік келісімге келу арқылы қаралғанын атап өтті.

Сондай-ақ алқа төрағасы дауды соттан тыс реттеу және сотқа дейінгі баламалы институттарды тиімді қолдану, талап қоюды қабылдау кезеңінде меілінше татуласу рәсімдерінің мүмкіндіктерін пайдалану өз кезегінде аяқталған істер көрсеткішінің төмендеуіне әкелетінін айтып, есепті кезеңде татуласу рәсімдері бойынша 463 іс (2022 ж. – 424) медиация тәртібімен, 408 іс (2022 ж. – 319) іс бітімгершілікке және 2 іс (2022ж.- 4) партисипативтік келісімге келу арқылы қаралғанын атап өтті.

Одан әрі кеңейтілген жиналыста әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Исатай Сматов есепті мерзімде Маңғыстау облысының соттарына барлығы 417 әкімшілік талап қою түскенін (МАӘС – 395, жалпы соттарға – 22), балтырғы жылдың есепті кезеңімен салыстырғанда, әкімшілік талап қоюлардың 38%-ға өскенін, оның ішінде өңірде сот орындаушыларының әрекеттеріне (әрекетсіздігін) дау айту, салық, жер, тұрғын-үй санатындағы даулар бойынша талап қоюлар басым екенін атап өтті.

Іс-шара соңында Б.Әметов жоғарыда айтылған сын-ескертелерді жойып, судьялардың әдеп нормаларын бұзу фактісіне жол бермеуді қатаң ескертіп, сот төрелігіне жүктелген міндеттерді сапалы жүзеге асыруды тапсырды.

Маңғыстау облыстық сотының баспасөз қызметі

ЖАҢА РЕФОРМАЛАР ХАЛЫҚ СЕНІМІНЕ БАҒЫТТАЛҒАН

Сот жүйесіндегі реформалар, ең алдымен, халықтың судьяларға деген сенімін арттыруға бағытталған. Бүгінгі таңда соттардың жүктемелерін оңтайландыру, адами факторларды жоятын жаңа технологияларды енгізу, сот төрелігінің ашық алаңын құру жұмыстары іске асырылып жатыр.

Соңғы жылдары қабылданып, іс жүзінде орындалып жатқан реформалардың ішінде, цифрландыру заманауи реформалар ретінде сәтті жұмыс істеуде. Осы бағыттағы атқарылып жатқан шаралар қоғамға да, халыққа да өз жемісін беруде. Солардың ішінде медиация жүйесі де халық арасында кең таралып келеді.

Азаматтардың Конституция кепілдік беретін қорғалу құқығын сот арқылы жүзеге асыру, жаңа ақпараттық заманауи технологияларды енгізу – сот төрелігінің сапалы және нәтижелі атқарылуына мүмкіндік беретін мәселелердің бірі. Соттың ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар азаматтардың сотқа сенімін қалыптастыруға, сол арқылы сот беделін арттыруға бағытталғанын көруге болады.

Жалпы сот саласы тәуелсіздік алғаннан бері айтарлықтай жетілдірілді. Қолданыстағы заңдарға толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп, заман сұранысына сай бейімделді.

2018 жылдың 19 маусымында Шымкент қаласына республикалық маңызы бар қала мәртебесі берілді. Ал Оңтүстік Қазақстан облысының орталығы Түркістан қаласына ауысып, Түркістан облысы болып өзгертілді. Осыған орай, Шымкент қалалық соты жанадан құрылды.

Осы уақыт аралығында соттардың жүктемесін оңтайландыру мақсатында көптеген іс-шаралар атқарылып, оң өзгерістер орын алды.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 30 желтоқсанындағы Жарғысымен жаңа мемлекеттік орган – Сот әкімшілігі құрылды. Сот әкімшілігінің мәртебесі оған орталық органдармен тең дәрежеде өзара іс-қимыл орнатуға, соттар қызметін ақпараттық-талдау, ұйымдастырушылық-құқықтық және материалдық-техникалық сүйемелдеу бойынша жауап беруге мүмкіндік береді.

Мұндай өзгеріс соттардың тәуелсіздігін одан әрі күшейтуге және соттарға сенімді арттыруға ықпал етеді.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша жүргізілген сот реформасы тек сот жүйесі мен сот төрелігін жүзеге асыруға ғана емес, сонымен қатар сот әкімшілігіне де әсер етті. Сот әкімшілігі уәкілетті орган ретінде мемлекеттік саясатты қалыптастыруды дербес жүзеге асырады.

Сот әкімшілігінің басты міндеті сот әкімшілігі саласындағы мемлекеттік саясатты әзірлеу және жетілдіру, сот төрелігін толық және тәуелсіз іске асыру үшін қажетті және жеткілікті жағдайлар жасау, сот жүйесі мен Соттардың қызметін жетілдіруге бағытталған жүйелі реформалар әзірлеу болып отыр.

Мұндай тәсіл сот төрағаларын әкімшілік функциялардан босатуға мүмкіндік береді, яғни, енді судьялар корпусы тек сот төрелігін жүзеге асыру мәселелерімен ғана айналысады.

Сот әкімшілігіне заңнамада белгіленген тәртіптерге сәйкес уәкілеттік берілген болса, онда ол мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастар тарапын ұсынушы орган болуға құқылы.

Осыған байланысты, ҚР Президентінің 2023 жылғы 19 қаңтардағы №106 Жарлығына сәйкес, «ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің (ҚР Жоғарғы Соты аппаратының) Шымкент қаласы бойынша Соттар әкімшісі» республикалық мемлекеттік мекемесінің атауы «ҚР Сот әкімшілігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі болып өзгертіліп, департамент басшысы қайта тағайындалды.

Сонымен қатар аудандық және оған теңестірілген соттарында кеңсе меңгерушілерінің лауазымы ҚР Сот әкімшілігінің Шымкент қаласы бойынша департаменті соты әкімшісінің басшысы лауазымына ауыстырылды.

Бұдан бөлек, ҚР Президентінің 2022 жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы шеңберінде сот жүйесіндегі реформаларды жалғастыру мақсатында сот



Сайдыбаттал ТОҚБЕРГЕНОВ,
Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты төрағасының міндетін атқарушы

төрелігі мен жалпы судьялар корпусының сапасын жақсартуға бағытталған іс-шаралардың қабылдануы болып отыр.

Бұл реформа соттылық мәселесі бойынша әуре-сарсаңды жоюға, жүктемені біркелкі бөлуге және бірыңғай сот практикасын қалыптастыруға ықпал етеді.

Бүгінгі таңда «Қазақстанның кейбір соттарын қайта ұйымдастыру, олардың атауын өзгерту және ҚР соттарының кадр мәселелері туралы» №216 Жарлығымен Шымкент қаласының Абай аудандық соты, әл-Фараби аудандық соты, Еңбекші аудандық соты және Қаратау аудандық соттарын біріктіру және бөлу жолымен Шымкент қаласының азаматтық істер жөніндегі ауданаралық соты және Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық соты болып қайта ұйымдастырылды.

Қазіргі таңда Шымкент қаласының қылмыстық істер жөніндегі ауданаралық сотымен үстіміздегі жылдың 6 айында 42 тұлғаға қатысты 28 сот үкімі өзгертіліп, 8 тұлғаға қатысты 5 сот үкімі бұзылған. Сондай-ақ үкім шығарумен аяқталған істердің саны 570 болса, 751 іс электронды тәртіппен қаралған. Жеке айыптау шағымы бойынша 51 іс қаралып, 25 тұлғаға жеке қаулы шығарылған.

Қызылорда облысының полиция департаментінде жыл басынан бері атқарылған жұмыстар сараланды.

Департамент бастығы, полиция генерал-майоры Аблазимов Махсудхан жедел кеңес өткізіп, 2023 жылдың I жартыжылдығын қорытындылады. Жиынға департамент бастығының орынбасарлары, басқарма, қала, аудан басшылары және жеке құрам қатысты.

Өткен аптада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқасы өтті.

Жиында биылғы 6 айда ішкі істер органдары атқарған жұмыстың қорытындылары және Президент тапсырмаларын орындау барысы қаралды.

Қасым-Жомарт Тоқаев полиция қызметкерлерінің күнделікті жұмыстарының қауіп пен қатерге толы және оларға жүктелер жауапкершіліктің көп екенін атап өтті.

Мемлекет басшысының айтуынша, құрылымдық өзгерістерді жалғастырып, «жұртқа жақын полиция» қағидатын орнықтыру, «полиция – қадамдық колжетімділікте» қағидатын негізге ала отырып, елге қызмет жасау керек.

Президент полиция қызметін цифрландыру, заңсыз есірткі айналымымен күресті күшейту, алаяқтықпен күрес, отбасындағы тұрмыс-

стық зорлық-зомбылықтың алдын алу, жол қауіпсіздігі деңгейін арттыру қажетін мәлімдеді.

Міне, Президенттің төрағалығымен өткен Алқа мәжілісінде көтерілген осы және полиция қызметіне қатысты өзге де мәселелерді департамент бастығы, полиция генерал-майоры Махсудхан Нұғманұлы бүгінгі жиында жеке құрамның назарына ұсынды. Мемлекет басшысы жүктеген басты талаптар мен берілген тапсырмаларға тоқталып, оларды қызметкерлерге жіті түсіндірді. Бұл өз кезегінде полиция қызметкерлерінің жүктелген жауапкершілікті арттырып, адал әрі нәтижелі жұмыс жасауларына септігін тигізеді анық.

«Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқасы ерекше форматта өтті. Жиынға департамент басшыларына бөлек, аудан және қалалық полиция басқармаларының басшылары да қатысты. Жыл басынан атқарылған жұмыс қорытындыланып, алда атқарар жұмыстар пысықталды. Қызметте кеткен кемшіліктер сараланып, олқылықтардың орнын толтыру үшін бірқатар тапсырмалар берілді.

Сонымен қатар кадрларды іріктеу

жүйесінің жетілдірілуі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы иммунитеттің қалыптасуы бойынша да мәселелер жіті қаралды.

Қоғамдық тәртіпті сақтау, қылмыспен күресу – аса маңызды міндет екенін Мемлекет басшысы баса айтты. Қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, қылмыстың алдын алу, қызметкерлердің заңдылық пен тәртіпті сөзсіз сақтауы бойынша міндеттер қойылды.

Бұл ретте барлығымыз қылмыстың кез келген көрінісі бойынша алдын алу шараларын қабылдап, жедел әрекет етуіміз қажет», – деді департамент бастығы Махсудхан Нұғманұлы.

Бүгінгі таңда өңірімізде криминалға ахуал тұрақты. Жалпы облыс көлеміндегі қоғамдық орындардағы қауіпсіздік шараларын күшейтіп, қылмыстардың алдын алу бағытында полиция қызметкерлерімен атқарылған шаралар нәтижесінде, қылмыс саны азайды.

Кеңес барысында департамент бастығының орынбасарлары жетекшілік ететін салалары бойынша баяндама жасап, қызмет басшыларының есебі тыңдалды.

Жиында полицияның жұмысын жақсарту, ішкі істер органдарын цифрландыру, полицияны халыққа жақындату, оң имиджін нығайту, халықтың сенім деңгейін арттыру

ЗАМАНАУИ ПОЛИЦИЯ ҚЫРАҒЫ ҚЫЗМЕТ САПЫНДА



және полиция қызметінің өзекті мәселелері туралы халықты жан-жақты және шынайы ақпараттандыру, полиция қызметін жетілдіру бағытындағы шаралар жөнінде сөз қозғалды.

Сондай-ақ жедел қызметтік жұмыс талқыланып, халықпен тиімді серіктестік орнату, ішкі істер органдарының қызметінде ашықтықты және айқындықты қамтамасыз ету мәселелері нақтыланды.

Полиция департаментінің бастығы жедел қызметтік жұмыстарды қорытындылап, алдағы уақытта атқарылатын міндеттер бойынша департаменттің басқарма, бөлім, бөлімшелері басшыларына құқықбұзушылықтардың, оның ішінде жасөспірімдер

қылмысының алдын алуға, алаяқтық, ұрлыққа қарсы іс-қимылға, есірткі қылмысына қарсы күреске, жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге және т.б. мәселелерге қатысты нақты міндеттер қойды.

Сондай-ақ Махсудхан Нұғманұлы құқықтық тәртіп деңгейін одан әрі арттыруға, азаматтардың полицияға деген сенімін нығайтуға және қазіргі заманғы сын-қатерлер мен қауіптерге қарсы тұрудың тиімділігін қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар тапсырма беріп, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету мақсатындағы басым бағыттарды жауапкершілікпен атқаруды тапсырды.




БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Олар – «Қалаларды цифрлық трансформациялау: инновациялық жобалар, бағдарламалар және технологиялар»; Қалаларға инвестициялар экономиканың өсуінің негізгі драйвері ретінде; Болашаққа бағытталған қала құрылысы; Медициналық туризмнің әлемдік нарығы: проблемалар мен өсу драйверлері; Астана медициналық туризм картасында; Болашақтың 30 жылдығы: Астананың адами капиталына және еңбек ресурстарын дамытуға қосқан үлесі; FUTURE SMART megacities халықаралық ғылыми-практикалық симпозиумы; «Ортағасырлық Еуразияның урбанизацияланған кеңістіктерінің тарихындағы Бозоқ» халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы.

Форумының ашылу рәсіміне қатысқан Мемлекет басшысы: «Астаналар мен ірі мегополистер – мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің өзегі», – деді. Олар мемлекеттердің өркендеуінде жетекші рөл атқарады. Инвестицияларды, инновациялық технологияларды, ең бастысы, адами капиталды тарта отырып, қалалар орасан зор күш шоғырланатын ортаға айналады.

– Адамдар және олардың шығармашылық қуаты, бірегей білімі, креативті идеясы мен отаншылдық рухы – ұлт жетістігінің негізгі факторы.



Сондықтан қалаларды тиімді басқару және урбанистикадағы жаңа үрдістерді жүйелі зерделеу қажет. Бұл мәселе болашаққа ұмтылған әр мемлекет үшін, оның ішінде Қазақстан үшін де стратегиялық маңызға ие бола бастады. Орыңқты даму саласындағы БҰҰ мақсаттарының бірі қаланы дамытуға арналған. Бұл кездейсоқ емес. Қазақстанда біз осы бағытқа ерекше назар аударамыз. Әлемнің жылдам дамып келе жатқан астаналарының қатарына кіретін елордамыз басқа қалалардың дамуына үлгі болады. Өткен ширек ғасырда еліміздің бас қаласының аумағы үш есе ұлғайып, халқының саны төрт есе өсті. Сарапшылардың болжамы бойынша елорда тұрғындарының саны 2030 жылға

ІРІ МЕГАПОЛИСТЕР - МЕМЛЕКЕТ ӨЗЕГІ



қарай екі миллионға жетеді. Ел астанасы мәртебесіне ие болған сәттен бері қаланың экономикалық әлеуеті 100 еседен астам артты. Қазір қала экономикасы елдегі жалпы ішкі өнімнің 10 пайыздан астамын құрайды, – деді ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшының айтуынша, алайда үлкен көрсеткіштер қаланың үйлесімді дамуымен үнемі сәйкес келе бермейді. Мегполистердің табысты болуының басты көрсеткіші оның тұрғындарының өмір сүру сапасымен өлшенуге тиіс. Сондықтан елорданы дамыту және абаттандыру кезінде «адам қала үшін емес,

циализм идеологиясын бейнелейтін маңызды қала құрылысы тораптары ретіндегі үлкен және кіші қалалардың басты алаңдары.

– КСРО аймақтарының климаттық жағдайлары мүлдем әртүрлі екені белгілі. Ғылыми-зерттеу институттары өз кезінде зерттеп, әрине, өз ұсыныстарын берді. Бірақ кеңестік құрылыс пен сәулет барлық жерде бірыңғай стандартты қолданды. Бұл бірыңғай нормалар КСРО ыдырағаннан кейін 30 жыл өтсе де, осы күнге дейін қолданылады. Сонымен қатар көптеген бірыңғай стандарттар Қазақстанның климаттық аймақтарында нашар «жұмыс істейді». Олар орнықтылық пен ресурстық тиімділік қағидаттарына қызмет етпейді. Мысалы, еліміздің солтүстігі мен оңтүстігі арасындағы климаттың ерекшеліктеріне әртүрлі көзқарастың болмауы электр энергиясын, газды және жылыту жүктемесін асыра пайдалануға әкеледі. Менің ойымша, ескі нормаларды да, біртұтас тәсілді де жаңа заманның талаптарына сүйеніп отырып өзгертетін уақыт келді, – дейді Н.Қамитов.

Кеңес мұрасының тағы бір проблемасы, сәулетшінің айтуынша, бұрын негізгі алаңдар тек шерулер өткізу үшін пайдаланылған. Кеңес империясы ыдырағанына 30 жылдан астам уақыт өтті, бірақ қазір ТМД-ның көптеген қалаларындағы басты алаңдар әлі де көп мөлшерде бетон мен асфальттан ғана тұрады. Олар жерді тиімсіз пайдаланумен, қалалық орта мен ландшафт дизайнына ескірген көзқараспен, тұрғындардың ойын-сауық орны ретінде тартымдылығы жоқтығымен, әртүрлі сценарийлер мен пайдаланушылар үшін инклюзивтіліктің жеткіліксіздігімен ерекшеленеді. Олар сондай-ақ қатардағы тұрғындар үшін жылына бірне-

ше рет мерекелерде, демалыс күндері жәрмеңкелер өткізуден басқа, сондай-ақ жол жиегіндегі автотұрақ орны болудан бөлек ешқандай әлеуметтік ауыртпалықты көтермейді. Бұл ретте, алаңдар көбінесе бос, ыңғайсыз кеңістік ретінде көрініс табады. Қаладағы кез келген ашық кеңістік, ең алдымен, әлеуметтік-экономикалық міндеттерді орындауы тиіс, яғни қалалық ортаның сапасын жақсартуға ұмтылуы тиіс.

«Еліміздің қалаларының басты алаңдарының мақсатын архитектуралық және әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан қайта қараудың уақыты келді. Бүгінгі таңда Қазақстандағы қалаларға тез, арзан және стандартты емес түрлендіру нұсқалары қажет. Ал жылдам жолдардың бірі – бар аумақтарды түрлендіру. Өйткені, бұл мәселені шешу қала үшін күрделі жоба емес, мысалы, жерді сатып алу, т.б. мәселе жоқ қой. Қазақстандағы басты алаңдардың әлеуеті өте жоғары, бірақ әзірге ол өте аз пайдаланылады», – деген Ink Architects негізін қалаушы посткеңестік елдердегі қалалар мен нысандарды жобалаудағы ескірген нормалар мен ережелер мәселесіне қатысты келесі шешімді ұсынды.

Біріншіден, жалпы негізгі талаптармен бірге, әр қаланың өз нормалары бар урбанистік қағидаларды әзірлеп, енгізу қажет. Бұл қағидалар өз қалаларының барлық айырмашылықтарын, соның ішінде халықтың тығыздығы мен дамуын, ландшафты, биіктікті, тұрақ орындарын, шегінестерді, инженерлік желілерді және т.б. ескеруі тиіс. Екіншіден, қолданыстағы құрылыс нормаларын (building code) оңтайландыру қажет, яғни қажетсіз, ескірген нормалардың 30-40%-на дейін алып тастау керек.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



НАРЫҚ

Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығы талдау орталығы экономика салаларын несиелендіру шолуын жариялады. Оған қарағанда 2018 – 2022 жылдары заңды тұлғаларға жаңа қарыздар берудің орташа жылдық өсу қарқыны 9,9 пайызды құрады. Бұл ретте корпоративтік секторға жыл сайын жаңа несиелер берілуінің жиынтығы заңды тұлғалар қарыздарының қорытынды қоржынынанан асып түсті.

БИЗНЕСТІ НЕСИЕЛЕНДІРУ АРТТЫ

Экономика салалары бөлінісінде жаңа қарыздар беру құрылымында сауда (60%) мен өнеркәсіптің (26%) үлесі басым. Алайда заңды тұлғалар қарыздарының құрылымында сауданың үлесі 32 пайызды, өнеркәсіптің үлесі 39 пайызды құрады.

Экономиканы несиелендірудегі негізгі ағымдар қатарында сондай-ақ мемлекеттің бизнесті несиелендіруге қатысуының айтарлықтай екенін де атап өтуге болады. Екінші деңгейлі банктер (ЕДБ) қоржынындағы жеңілдікті қарыздарды есепке алмағанда, бизнеске кеңейтілген анықтамадағы барлық несиелердің үштен бірі ҚДБ мен «Бәйтерек» ҰБХ еншілес ұйымдарына тиесілі. Атап айтқанда, ЕДБ неселері 9,6 трлн теңге немесе 67 пайыз; ҚДБ несиелері 2 трлн теңге немесе 13 пайыз; басқаларының («Бәйтерек» ҰБХ, МҚҰ) несиелері 2,8 трлн теңге немесе 20 пайызды құрайды.

2022 жылы байқалған өсімге қарамастан, экономиканың көптеген салалары бойынша өндірістің рентабельділігі несиелеу мөлшерлемелерінен жоғары болып қалады. Шығынды компаниялардың үлесі 2021 жылы 26,4%, 2020 жылы 25,8%, 2022 жылы 31,9% болды. Осы орайда бизнес тарапынан несиелерге өтінімдер бойынша мақұлдау коэффициенті биылғы бірінші тоқсанда барлық өтінімдердің 50 пайызынан төмен түсті.

Экономиканың көптеген салалары үшін еңбек өнімділігінің өсу қарқыны тұрақты. Осыған байланысты олардың ЖІӨ құрылымындағы үлесі де өзгерген жоқ (2018 жылы – 64,9%, 2022 жылы – 64,8%). Салықтық төлемдер ірі және орта кәсіпорындарда, ал салалар бойынша – өнеркәсіп пен саудада айтарлықтай шоғырланған.

Корпоративтік несиелеудің құрылымы, ең алдымен, экономиканың құрылымы мен сапасына байланысты. Соған қарамастан, салалардың экономикалық көрсеткіштерінің серпінін бағалай отырып, несиелеу озық қарқынмен жүріп жатқанын атап өту қажет. Атаулы мәнде берілген корпоративтік қарыздардың көлемі 2018 жылғы 9,1 трлн теңгеден 2022 жылы 11,7 трлн теңгеге дейін өсті. Алайда есепті кезеңде заңды тұлғаларға несиелер қоржынын берумен салыстырғанда қарыздарды тезірек өтеуге байланысты 6 пайыздық орташа өсім (2018 жылғы 8,2 трлн теңгеден 2022 жылы 8,7 трлн теңгеге дейін) байқалды.

Бизнестің жаңа несиелеріне деген сұраныс саудада айтарлықтай шоғырланған, бұл есепті кезеңдегі барлық аударымдардың 60%-ын құрайды. Бұл ретте есепті кезеңде ЖІӨ-дегі сауда үлесі өзгермеді (16,8%). ЖІӨ-дегі неғұрлым елеулі үлесті өнеркәсіп алады – 29,3%-ын, ал оның ЕДБ-дан жаңа корпоративтік қарыздар берудегі үлесі 26%-ын құрайды. Олардың ЖІӨ-дегі үлесі соңғы 5 жылда өзгерген жоқ (64,8%). Бұл еңбек өнімділігін жақсарту қажеттігін көрсетеді, ол – республиканың экономикалық дамуының жаңа кезеңінің негізгі міндеттерінің бірі. Сонымен қатар, мемлекеттің бизнесті несиелуге қатысуы маңызды болып қала береді. Мемлекеттік қолдау бүкіл қоғам пайда алатын жерде, нарықтық жағдайда даму мүмкіндігі жоқ немесе өте қиын жерде, дамуға басымдық беріліп, ағымдағы тұтыну емес, көрсетілуі керек, сонан кейін бұл қолдау елдің тұрақты дамуына ықпал етеді.



БАСҚОСУ

МОҢҒОЛИЯ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ КІШІ ҚҰРЫЛТАЙЫ ӨТТІ

Қазақстанның Моңғолиядағы Елшілігінің қолдауымен 4-8 шілде аралығында Ұлан-Батыр, Қобда, Баян-Өлгей аймақтарында Моңғолия қазақтарының IV Кіші құрылтайы өтті. Қазақстан мен Моңғолия арасындағы дипломатиялық қатынастардың 30 жылдығы аясында екі ел арасында достық пен ынтымақтастықты нығайту мақсатында оны ҚР Сыртқы істер министрлігінің «Отандастар қоры» қоғамы ұйымдастырды.

Атап айтқанда, 4 шілдеде қазақстандық делегация Ұлан-Батырдың 6 мыңға жуық қазақтар тұратын Налайх ауданының әкімі Ч.Раднаа-базармен және мәслихат депутаттарымен кездесті. Одан кейін олар Ұлан-Батырдың қазақтар шоғырлана орналасқан Налайх ауданындағы қандастармен кездесті. Онда «Отандастар қоры» президенті Абзал Сапарбекұлы қоғамның жұмысымен таныстырып, «Ата жолы» карта-

сы туралы ақпарат берді. Биылдан бастап іске асырылуы жоспарланған бұл карта шетелдегі қандастарымыздың 10 жыл бойы елге визасыз келуіне, кәсіппен айналысуына, т.б. мүмкіндік береді. Кездесуге қатысқан ҚР депутаттары шетелдегі қазақ жастарының Қазақстанда білім алуы мен стипендия мүмкіндіктері, көші-қон жайын қозғады.

Айта кетер болсақ, Кіші құрылтай аясында Моңғолияның Ұлан-Батыр,

Хобда, Баян-Өлгей аймақтарында Моңғолияның ресми тұлғаларымен кездесулер, екі елдің ғалымдарымен дөңгелек үстел, кітап тұсаукесерлері, ескерткіш пен көше ашу, кіші құрылтай отырысы, бизнес форум және Қарағандыдағы Тәттімбет атындағы академиялық халық аспаптар оркестрінің концерті жоспарлануда.

Құрылтай аясында екі ел ғалымдары, мемлекет, қоғам қайраткерлерінің қатысуымен ғылыми кон-



ференция, кино және мультфильм апталығы, бизнес форум, ұлттық ойындар мен мерекелік концерттер өтеді. Сонымен қатар 8-9 шілдеде Ресей Федерациясының Алтай Республикасындағы қазақтар мекендейтін Қосағаш ауданында және Алтай

өлкесі орталығы Барнаулдағы қандастармен кездесу өткізіп, рухани кеш ұйымдастырылды.

Бетті дайындаған
Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ СОТЫНА – 85 ЖЫЛ

АЗАМАТТАРДЫҢ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ ЖӘНЕ САЙЛАУ ҚҰҚЫҒЫ

Дауыс беру күніне дейін бес күнге жетпейтін мерзімде, дауыс беру күні және сайлаудың, республикалық референдумның қорытындылары жарияланғанға дейін келіп түскен талап қоюлар сотта дереу қаралады.

Соттың белсенді рөлі қағида-тының шеңберінде соттар тарапқа талап қою талаптарын тұжырымдауда және өзгертуде жәрдем көрсете алады. Сонымен қатар өз бастамасымен қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинай алады, сондай-ақ әкімшілік сот ісін жүргізу міндеттерін шешуге бағытталған өзге де әрекеттерді орындай алады. Әкімшілік процеске қатысушылардың ұсынған дәлел, дәлелдемелерімен шектеліп қана қоймайды. Егер тиісті жауапкерді тартуға талап қоюшы қарсы болса, сот өз бастамасымен оны қосымша жауапкер ретінде іске тарта алады.

ӨРПК-де сотқа талап қою мерзімдері бекітілген. Бұл мерзімдер процестік мерзім болғандықтан, кодексте көзделген жағдайларда қалпына келтірілуге жатады.

Алайда - Конституциялық заңдармен белгіленген мерзімдер тыйым

салынатын мерзім және қалпына келтіруге жатпайды.

Егер Конституциялық заңда шағым жасаудың өзге мерзімдері белгіленбесе, сайлау комиссиясының шешімдеріне және іс-әрекеттеріне шешім қабылданған немесе іс-әрекет жасалған күннен бастап, он күннің ішінде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Көрсетілген мерзімдер өткеннен соң сайлау комиссиясының шешіміне және іс-әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) берілген өтініш қарауға жатпайды.

Өтініштер сайлау комиссиясы мен сотта бір мезгілде қаралған кезде сайлау комиссиясы сот шешімі күшіне енгенге дейін өтінішті қарауды тоқтата тұрады.

Сенат депутаттығына кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешім күшінің жойылуына



Гүлжан МЫРЗАТАЕВА,
Қызылорда облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының төрағасы

оны ұсынған мәслихат (мәслихаттар) немесе кандидаттың жеке өзі жеті күн мерзімде Орталық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым бере алады. Бұл ретте шағым берілген күннен бастап жеті күн ішінде қаралады.

Мәслихат депутаттығына партиялық тізімді, кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе тіркеу туралы шешімге шағым жеті күн мерзімде жоғары тұрған сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасалуы мүмкін.

Бірмандаттық аумақтық сайлау округтері бойынша саяси партия, қоғамдық бірлестік олардың құрылымдық бөлімшелері ұсынған кандидатты тіркеуден бас тартылған немесе тіркеу туралы шешімнің күші жойылған кезде, мұндай шешімге кандидаттың өзі де, кандидатты ұсынған саяси партия, қоғамдық бірлестік, олардың құрылымдық бөлімшелері де шағым жасай алады.

Сотта бұл істер шағым берілген күннен бастап жеті күн мерзімде қаралуға жатады.

Әкім болуға кандидатты тіркеуден бас тартуға немесе оны тіркеу туралы шешімнің күшін жоюға кандидаттарды ұсынған саяси партия, жоғары тұрған әкім немесе кандидат үш күн мерзімде тиісті облыстық сайлау комиссиясына немесе сотқа шағым жасай алады.

Шағым бойынша шешімді сот немесе жоғары тұрған аумақтық сайлау комиссиясы шағым берілген күннен бастап үш күн мерзімде шығарады.

Бірінші саты сотымен қабылданған осы санаттағы істердің шешімдеріне егер конституциялық заңдарында өзгеше көзделмесе, шешімнің көшірмесі табыс етілген күннен бастап үш күн ішінде апелляциялық шағым берілуі немесе прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкіндігі бекітілген.

Бұл әкімшілік істердің ерекшелігі апелляциялық сатыдағы соттың қабылдаған қаулысына шағым жасауға және наразылық білдіруге жатпайды.

Қазақстан Орталық сайлау комиссиясының, Орталық референдум комиссиясының шешімдері мен әрекеттеріне дау айту туралы әкімшілік істер бойынша шығарылған соттың шешімі жарияланған күнінен бастап заңды күшіне енеді. Бұл шешімдерге кассациялық шағымдар мен прокурордың наразылығы табыс етілген күннен бастап үш күн ішінде беріледі.

САРАП

СОТ БИЛІГІ КОНСТИТУЦИЯ МЕН ЗАҢҒА ҒАНА БАҒЫНАДЫ

Қазақстанда сот билігі біртұтас мемлекеттік биліктің дербес тармағы. Елімізде сот төрелігін тек сот қана жүзеге асырады. Сот төрелігін іске асыру жөніндегі соттың қызметіне араласуға жол берілмейді, ол заң бойынша жауапкершілікке әкеп соғады. Нақты істер бойынша судьялар есеп бермейді.

Судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және Конституция мен заңға ғана бағынады. ҚР Конституциясының 79-бабында «Соттар тұрақты судьялардан тұрады, олардың тәуелсіздігі Конституциямен және заңмен қорғалады. Судьяның өкілеттігі тек заңда белгіленген негіздер бойынша ғана тоқтатылуы немесе кідірілуі мүмкін. Судьяны тұтқынға алуға, күштеп әкелуге, оған сот тәртібімен белгіленетін әкімшілік жазалау шараларын қолдануға, қылмыс үстінде ұсталған немесе ауыр қылмыс жасаған реттерді қоспағанда, Республика Жоғары Сот Кеңесінің қорытындысына негізделген Қазақстан Республикасы Президентінің келісімінсіз не Конституцияның 55-бабының 3 - тармақшасында белгіленген жағдайда, Сенаттың келісімінсіз қылмыстық жауапқа тартуға болмайды», – деп судьялардың мәртебесі айқындалған.

«ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» заңының 3-тарауында ҚР Жоғарғы Соттың құқықтық жағдайы айқындалған.

Қазақстанның Жоғарғы Соты – сот жүйесінің ең жоғары буыны. Заңда көзделген іс жүргізу нысанында өзінен төмен тұратын соттардың қызметін қадағалауды жүзеге асырады. Нормативтік қаулылар алу жолымен оларға сот практикасының мәселелері бойынша түсініктемелер беріп отырады. Жоғарғы Сот төрағадан, алқа төрағаларынан және тұрақты судьялардан тұрады.

ҚР Конституциясына сәйкес, ҚР Жоғарғы Сотының төрағасын, алқалардың төрағаларын және Жоғарғы Соттың судьяларын Республиканың Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесіне негізделген Республика Президентінің ұсынуымен Сенат сайлайды. Облыстық және оларға теңестірілген соттардың төрағаларын, алқаларының төрағаларын және облыстық соттар мен оларға теңестірілген соттардың судьяларын Жоғарғы Сот Кеңесінің кепілдемесі бойынша Президент тағайындайды. Басқа соттардың төрағалары мен судьяларын Әділет біліктілік алқасының кепілдемесіне негізделген Әділет министрінің ұсынуы бойынша Президент қызметке тағайындайды.

Қазақстан Республикасының жасы жиырма беске толған, жоғары заң білімі, заң мамандығы бойынша



Айбек Сарсенбаев,
Қызылорда облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

кемінде екі жыл жұмыс өтілі бар және біліктілік емтиханын тапсырған азаматтары судья бола алады. Судья қызметін алғаш рет атқарып отырған адам ант қабылдайды.

Аталған заңның 17-бабында Жоғарғы Соттың өкілеттігі көзделген. Жоғарғы Сот жергілікті және басқа да соттардың қарауына жатқызылған азаматтық, қылмыстық, әкімшілік және өзге де істер бойынша жоғары сот органы, оларға қатысты кассациялық саты функцияларын жүзеге асырады және нормативтік қаулылар қабылдау арқылы сот практикасы мәселелері бойынша түсіндірулер беріп отырады.

Жоғарғы Сот өзінің қарауына жатқызылған сот істері мен материалдарын қарайды, сот практикасын зерделейді және оны жинақтаудың қорытындылары бойынша республика соттарының сот төрелігін іске асыруы кезіндегі заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды, нормативтік қаулылар, басқа да қаулылар қабылдайды, заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Жоғарғы Сот төрағадан және судьялардан тұрады. Жоғарғы Сот судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша ҚР Президенті белгілейді.

Жоғарғы Сотта сот алқалары құрылады және мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

Азаматтық істер жөніндегі сот алқасы, қылмыстық істер жөніндегі сот алқасы, әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы Жоғарғы Соттың органдары.

Сот алқасын осы конституциялық заңда белгіленген тәртіппен лауазымға тағайындалатын төраға басқарады.

Сот алқасының сандық және дербес құрамын Жоғарғы Сот төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың жалпы отырысы белгілейді. Мамандандырылған құрамдарды Жоғарғы Соттың төрағасы жасақтайды. Жоғарғы Соттың жанынан ғылыми-консультативтік кеңес, халықаралық кеңес және баспасөз органы құрылады. Жоғарғы Соттың жанында Сот төрелігі академиясы жұмыс істейді.

Сонымен бірге Жоғарғы Соттың бастамасымен түрлі реформалар жүзеге асырылуда. Аталған реформалар дербес сот билігінің қалыптасуына, сот жүйесін кадрлық және қаржылық қамтамасыз етуді жетілдіруге, соттың тәуелсіздігін нығайтуға бағытталады.

Атап айтқанда, 2018 жылы «Мінсіз судья», «Үлгілі сот», «Әділ процесс», «Е-СОТ», «Оңтайлы орта», «Сапалы нәтиже», «Татуласу: сотқа дейін, сотта» деп аталатын жобалық бағыттар белгіленіп, аталған жобалар аясында республика соттарында ауқымды шаралар атқарылды. Мұнан өзге, Билер кеңесі, «Виртуалды сот», «Түнгі сот», «Отбасылық сот», «Бітістіруші судья», «Отбасылық кеңес», «Сотқа дейінгі хаттама» қоғамның сұранысын дөп басқан жобалар болды.

Сот жүйесінің заман көшінен қалыспай, қарқынды дамуын сот отырыстарының «WhatsApp», «TrueConf» және «Zoom» мобильді қосымшаларының көмегімен өткізілуімен байланыстырсақ, артық айтқандық емес. Бұл сотқа қатысушы азаматтар үшін тиімді әрі қолжетімді.

Еліміздің сот жүйесінде саланың беделін арттырып, қарапайым халықтың үдесінен шығу мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылғанына барлығымыз куәміз. Мақсат – халықтың сотқа деген сенімін арттырып, заң шеңберінде әділ сот төрелігін жүзеге асыру.

МІНБЕР

Бүгінгі күні әкімшілік соттар талап қоюшылардың құқықтарын қорғауды қамтамасыз етіп, әкімшілік органдар мен жеке және заңды тұлғалар арасындағы теңсіздікті болдырмау бағытындағы қызметті жүзеге асырып, заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың ерекше тетігіне айналып отыр.

КОДЕКС ЗАМАНА СҰРАНЫСЫНАН ТУДЫ

Бұрын мемлекеттік органдардың шешімдері мен әрекетіне қатысты даулар бұған дейін Азаматтық процестік кодекстің талаптарына сай қаралып келді. Шындығында, ол кезде жәбірленуші тарап жеңіліп жататын. Өйткені, мемлекеттік органдарда кәсіби заңгерлер болған соң әсер ететін. Бір жағынан, жеке азаматтың өз құқығын жете білмеуі де кесірін тигізіп, соның салдарынан жеке тұлғалар сотта жеңіліс тауып жататын жағдайлар орын алғаны жасырын емес. Бұған дейінгі жария-құқықтық даулардың басым бөлігі мемлекеттік органдардың пайдасына шешіліп келгені қарапайым халықтың құқығын шектегендей болды.

ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің талабына сәйкес, енді өз әрекеттерінің заңға сай екенін керісінше мемлекеттік органдар дәлелдеуі тиіс. Аталған кодекстің 132-бабына сәйкес, ауыртпалық түсіретін әкімшілік актіде талап қоюшының құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері бұзылған жағдайда, ол әкімшілік актінің толық немесе оның қандай да бір бөлігінің күшін жою талабымен дау айту туралы талап қоюға құқылы.

Ауыртпалық салатын әкімшілік акт – әкімшілік рәсімге қатысушының құқығын іске асырудан бас тартатын, шектейтін, тоқтататын немесе оған міндет жүктейтін, сондай-ақ оның жағдайын өзгеше түрде нашарлататын акт.

Әкімшілік акт – жария-құқықтық қатынастарда әкімшілік орган, лауазымды адам қабылдайтын, белгілі бір тұлғаның немесе жеке-дара айқындалған тұлғалар тобының Қазақстан заңдарында белгіленген құқықтары мен міндеттерін іске асыратын шешім.

Қабылдау тәртібі және мазмұны ҚР заңнамасының талаптарына сәйкес келмейтін Әкімшілік акт заңсыз деп саналады. Заңсыз ауыртпалық салатын әкімшілік акт міндетті түрде жойылуға жатады.

Аталған санаттағы істер аясында бүгінгі күні жеке тұлғалар мемлекеттік билік орган-



Зәуре Жарылқасынова,
Қызылорда облысының
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы

дары мен олардың лауазымды адамдары шешімдері мен іс-әрекеттеріне дау айтуда судьяның белсенді рөлі қағидаты аясында тиісті құқықтық түсіндірулерді соттың тарапынан алуда. Заңнама аясында сот мемлекеттік органдар мен жеке азаматтар әкелген дәлел-дәйектерді қанағат тұтып отырмайды. Қажет еткен жағдайда, судья өз бастамасымен істі нақтылауға көмектесетін дәлелдерді, құжаттарды қосымша сұратып, дәйектер толық емес деген жағдайда оларды жинатып отыр. Яғни сот сұрау салу арқылы іске қажетті мәліметтерді алуда. Ал егер соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотты уақтылы хабарламағаны, кері қайтарып алуды уақтылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты және судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер, әрекетсіздік үшін сот жиырма айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолданады.

Бұл өз кезегінде мемлекеттік билік органдары мен олардың лауазымды адамдары шешімдері мен іс-әрекеттеріне дау айту туралы дауларда әділдіктің теңдігін қамтамасыз етуге ықпалын тигізіп отыр.



СҮХБАТ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бүгінгі таңда сот ғимараты қайта түлеген. Жаңарған, жаңғырған ғимарат арыз-шағыммен келуші көпшілікке есігін айқара ашқан. Күрделі жөндеуден өткен ғимарат заманауи үлгіде жабдықталған. Келушілер мен сот мамандарының толығымен талабына сай келеді. Сот ғимаратында қазіргі таңда ҚР заңдарына енгізілетін, енгізіліп жатқан өзгертулер мен толықтыруларға қатысты дөңгелек үстелдер, мәжілістер мен сот процестері, қарапайым азаматтарды кестеге сай қабылдаулар өтеді. Сот кабинеттерінің онлайн жұмыстары белсенді жүргізіледі. Тәжірибелі мамандар жас судьялар корпусына бағыт-бағдар береді, өз практикаларымен бөліседі. Ғимараттың қоғам қажеттілігіне сай жабдықталып, сот корпусының өз жарғыларына сай жұмыс істеуі – мемлекет ұстанымы. Осы тұрғыда біз сот әкімшілігінің Қызылорда облыстық басшысымен де сөйлестік.

Сағатбек СҮЛЕЙМЕН,
ҚР Соттар әкімшілігінің Қызылорда
облыстық департаментінің басшысы:



«ТӘУЕЛСІЗДІКТЕН АСҚАН БАЙЛЫҚ ЖОҚ»



– Сағатбек Болатбекұлы, қызу жұмыс кестеңізге қарамастан, бізге сұқбат беруге келіскеніңізге рахмет. Сауалымызды «Не үшін сот ғимараты?» деген сұрақтан бастасақ. Бұны бір идеологиялық маршрутта жасалған шабуыл деуге бола ма, әлде сол кезеңдердегі әйектістік пе?

– Дұрыс сұрақ, бұл сауалыңыздың жауабы әлі күнге дейін мені ойландырады. Оқиға кезінде сот ғимаратына да шабуыл жасалғанын санның бірінші, екінші, үшінші қабаттары, кеңсе-техникалық құрал-жабдықтары, жиһаздар, қызметтік автокөліктер өртеніп, кей мүліктер тоналып және жарамсыз күйге түсті. Сәйкестікке көбірек келеді, орталық алаңда орналасқанбыз, бірінші кезекте партия ғимаратына шабуыл жасалды, артында көршілес тұрған біздің мекемеге наразылар келді. Мүмкін қаланың басқа аймағында болса, зардап шекпейтін де еді? Дейтұрғанмен наразылардың арасында бұрын сотты болған азаматтардың бар екенін ескерсек, мақсатты шабуыл болуы да мүмкін.

– Төтенше жағдай кезіндегі сот ісін жүргізу, қианды ғимаратта отырып жұмыс істеу оңай соқпағаны белгілі. Осы жайлы кеңінен тоқталсақ.

– Қаңтар оқиғасы кезінде сот қызметкерлері жүйелі және жедел жұмыс істеді деп баға беруге болады. Ел ішінде наразы топ алғаш жиналып жатқан бойда-ақ біз жұмыс орнымыздағы қажетті құжаттарды үйімізге алып кеттік. Сәikesінше, бірде-бір әкімшілік немесе қылмыстық іс қағаздар жоғалмады, зақымдалмады. Ғимаратымызға шабуыл жасалғаннан кейін де жұмысы қайта жалғастырылды. Ерікті қызметкерлер тобы құрылып, өртке оранған мекемені тазаладық. Қолда бар жабдықтарды ұқсатып, жұмысты жалғастыруға жағдай жасалды. Ең бастысы, сот жұмысы бір күнге де тоқтамады. Осы істерде бізбен бірге атсалысқан қоғам белсенділеріне, ерікті жастарға алғыс айтқым келеді.

– Сот ғимаратын қайта қалпына келтіру жұмыстары қалай жүрді?

– Қызылорда облысының әкімдігінің жанынан комиссия құрылып,

ДЕРЕК ПЕН ДЭЙЕК

Қаңтар ісі бойынша Қызылорда облысына 190 адамға 54 қылмыстық іс келіп түскен. Ол жайлы ҚР Сот әкімшілігінің Қызылорда облыстық баспасөз қызметі «ҚР Қылмыстық кодексінің 272-бабымен (жаппай тәртіпсіздік) 166 адамға қатысты 40 іс; 188-бабымен (қызметтік немесе өндірістік үй-жайға, қоймаға не көлік құралына заңсыз кірумен жасалған ұрлық) 8 адамға қатысты 4 іс; 362-бабымен (билікті немесе лауазымдық өкілеттілікті асыра пайдалану) 1 адамға қатысты 1 іс; 287-бабымен (қару мен оқ-дәрілерді заңсыз иемдену, сақтау) 3 адамға қатысты 3 іс; 380-1 (құқық қорғау органы, арнаулы мемлекеттік орган қызметкерінің, әскери қызметшінің өміріне қолсұғушылық), 291 (қаруды, оқ-дәрілерді, жарылғыш заттар мен жарғылыс құрылғыларын жымқыру не қорқытып алу), 272 (жаппай тәртіпсіздік), 269-1 (күзетілетін объектіге заңсыз кіру) баптары бойынша екі адамға қатысты бір іс қозғаған. ҚР ҚК 191-бабымен (тонау) 5 адамға қатысты 1 іс; 269-1-бабымен (күзетілетін объектіге заңсыз кіру) 1 адамға қатысты 1 іс; 187 (ұсақ түйекті жымқыру), 200 (автомобильді немесе өзге де көлік құралын жымқыру мақсатынсыз құқыққа сыйымсыз иеленіп алу), 202 (бөтеннің мүлкін қасақана жою немесе бүлдіру), 274 (көрінеу жалған ақпарат тарату), 297 (есірткі, психотроптық заттарды сақтау, тасымалдау), 296 (көрінеу қылмыстық жолмен табылған мүлікті иемдену немесе өткізу), 379 (билік өкіліне бағынбау), 380 (билік өкіліне қатысты қорқыту немесе күш көрсету әрекеттері) баптарымен 1 адамға қатысты 1 іс; 188-бабымен (ұрлық) 1 адамға қатысты 1 іс; 255 (терроризм актісі), 269-1 (күзетілетін объектіге заңсыз кіру) баптарымен 1 адамға қатысты 1 іс келіп түсті», – деді. Нәтижесінде, жалпы өткен жылдың басынан бері әр түрлі деңгейдегі соттарда 185 адамға қатысты 50 іс қаралған. Оның ішінде 118 адам бас бостандығынан айрылған, 4 адам қылмыстық жауаптылықтан босатылып, 2 адам рақымшылыққа ілінген.



3000 шаршы метрден аса сылақ жұмыстары, сотталушыларға арналған кабина (конвой) қойылды. 560 шаршы метр ламинат, 43 терезе, 22 есік, 40 жалюзи, 3,5м/8 м кіреберіс металлопластиктен фойе, 130 шаршы метр өрнектас төселді. 198 шаршы метр кафель, 160 шаршы метр шатыры, 4 терезе, 3 есік мекеме асхана бөлігін қалпына келтіру мақсатында жаңартылды. Сонымен қатар 3 дана ЛЭД-экран, 3 дана сплит-жүйе, 2 дана слагбаум, 100 орындық, 31 орынтақ, 10 асхана үстелі жиынтығы, 6 дана конференц және 3 дана жиналыс залдарының үстелдері, асхана құрылғылары жанадан алынды.



кәсіби білікті тергеушілер жүргізді. Ал қамкөңілді ағайынға айтарым, мамандардың жұмысына сеніңіздер. Біз заңға бағынушы халық

болуымыз керек. Сот үкімі толық зерттелген, анықталған фактілерді назарға алып барып, сараланып шығады. Сондықтан үкімге көңілім толмайды немесе толады деп баға берудің маңыздылығы жоқ деп ойлаймын.

– Не үшін талап-тілегін айтып шыққан халықтың тобының әрекеті бүлікшілікке жалғасты? Митинг өткізудің ретін әлі түсіне алмай жүрміз бе?

– Дұрыс айтасыз, бізде бейбіт шерулер өткізу мәдениеті толық қалыптасып үлгермеді. Бұл – дамыған мемлекеттердің барлығына тән ортақ үрдіс. Халық талабын айтады, шерулердің нақты сұранысы, қалауы болады. Оны мемлекет тыңдайды. Алайда бұл қазір мақсатсыз жиналып, негізсіз талап қойып, арты үлкен шығынға алып келіп жатыр.

– Атаулы оқиғаға қатысты ойлы оқырманға не айтар едіңіз?

– Мәселе мынада, мен сізге үйіңіздегі бір затты қырат десем, жасар ма едіңіз? Әрине жоқ, себебі ол сіздің иелігіңіздегі мүлік. Сол секілді мемлекеттің әр затын өз дүниеміздей жанашырлықпен қарауымыз керек. Не өзгерді? Қиар-тылды, халықтың ақшасына қайта қалпына келтірілді. Сонда біз өзіміз зақым келтіріп, өзіміз жөндедік пе? Ешкімнің ештеңесі кетпейді, қанша шығын келді, қанша адамның тағдыры құрт өзгерді, тіпті кей отбасылар қаттарда қара жамылып қалды. Мұның барлығы жүр дегеннің артынан еріп, жалған намысты желеу етіп ұрандатқан қызу қалауын жасау-мен бітетін қай қарайтын дүниелер емес. Ел біздікі, елдің иесі – біз. Біз жанашырлық танытып, қайта қысық жатқан бір тасы болсын түзеуге әрекет етуіміз керек. Қайта жедел әрекеттің арқасында қиын күндерді оңай өткіздік, нәтижесі мүлде бөлек болса, қайтер едік? Ел ішіндегі аулмалы-төкпелі сәтті, толқып отырған бұқараның күшін басқа біреулер өз мақсатына пайдаланып кетсе не істейміз? Аш отырайық, тоқ отырайық, бейбіт, тәуелсіз мемлекетте күн кешіп, өз Отанымызда өмір сүргенімізден асқан бақыт жоқ. Біз осыны түсінугіміз керек!

– Сұқбатыңыз үшін алғыс білдіремін. Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Сұхбаттасқан
Ш.ЖАЛҒАСБЕКҰЛЫ**

ТҰЛҒА

Көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Кәкімбек Салықовтың таңдамалы жыр жинағында:
Жезқазғанда көп менің ағаларым,
Солар ерттеп, сан тұлпар тағаладым.
Ішіндегі иілмес бәйтеректей,
Елден ерек Сарқытты бағаладым, – деген шумақ бар. Осы жыр жолдарын құдіреттендіріп тұрған үлкен қасиет иесі кім? Айнымас асыл азаматтардың бірі де бірегейі, бар саналы ғұмырын тек халқына арнаған, адал еңбекті ғана үлгі тұтқан Сарқыт Болатбеков туралы білеміз бе?!

Бүкіл саналы ғұмырын, бойындағы қайрат-жігерін, ақыл-ойын ел игілігіне, халық кәдесіне жаратуға жұмсаған, сөйтіп, артына өнегелі де өрнекті із қалдырған адамдар болады. Сарқыт Болатбеков сол қасиет дарыған айтулы азаматтар қатарынан. Кезінде Жезқазған облысының (қазіргі Ұлытау) құрылып, тік тұруына, оның экономикасының, алып құрылыстарының, тұрғын үйлерінің кең қанат жаюына бір кісідей үлес қосқан, осы жолда жігерін тасқа жаныған, білегін қажырлы іске сыбанған азаматтың бірі. Ол тау-кен ісінің ардагері, жоғары дәрежедегі экономист, Жезқазған, Сәтбаев қалаларының және Ұлытау ауданының «Құрметті азаматы» болды.

«Өмір – ағып жатқан өзен» дейді халық. Өзінің бастауын бұлақ көзінен алған сол өзен бір тоқтамай, өзінің құяр жағасына дейін ағып келіп жатқан жоқ па? Ендеше, адам өмірі де сол сияқты ауыспалы уақыт көшімен астасып, зымырап өтеді де кетеді... Ол 1929 жылы Ұлытау өңірінде дүниеге келді. Әкесі Болатбек жасынан діндар, аузынан Алласы түспейтін, ғайбат сөз сөйлемейтін, тәубасынан жаңылмаған, әділдік пен адалдықты мұрат еткен, анасы Мәриям мейірімді, балажан және ағайын-туысқа өте сыйлы кісілер болған. Өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы қазақ халқының басына түскен зұлмат пен қасірет бала Сарқытты ата-анасынан ерте айырды. Әкенің сарқыты, ананың соңғы қуанышы болған бүлдіршіннің күтімі мен тәрбиесі он жастағы туған апасы Нұрлықанның міндетінде болды. Апасы жұмысқа ерте араласып, бауырын жетелеп жүріп, өмірдегі бар қиындықтарға мойымай тәрбиелеп өсірді.

1941 жылы соғыс басталып, Сарқыттың оқуы ұзаққа бармады. Орталау мектепті бітірген соң, Байқоңыр шахтасында үлкендермен бір-

ге көмір қазуға кірісті. Соғыс біткен соң Сарқыт Болатбекұлы Жезқазған шахталарында кеншілік еңбек жолын және оқуын кешкі мектепте жалғастырды, аттестат алды. Отан алдындағы міндетін атқарып келген соң, еңбек жолын 1952 жылы «Петро» шахтасында қайта жалғастрды. Өмірден тәжірибе жинақтаған білімді жас жігіт тау-кен жұмысын жақсы меңгерді және байырғы кеншілер қатарынан орын алды. «Тектіден текті туады, тектілік жолды қуады» деп дана халқымыз айтқандай, Сарқыт өзінің тектілігін көрсетіп, адал еңбегімен өмірдің қатал сындарынан өтті. Ол Шучинскідегі политехникалық техникумды Халық шаруашылығы институтын аяқтады.

1973 жылы наурыздың алғашқы күндері жезқазғандықтарға ерекше қуаныш әкелді. Жаңадан облыс ашылды және ашылған облыстың орталығы Жезқазған қаласы болды. Обкомның аппаратына кадрларды іріктеуде жауапкершілік үлкен. Сол

ҰЛЫТАУЛЫҚ ҰЛАҒАТ ИЕСІ

кездегі республиканың бірінші басшысы Д.Қонаев облыс басшылығының құрамын жасақтағанда, С. Болатбеков жаңадан құрылған облыстық партия комитетінің қаржы-шаруашылық бөлімін басқаруға бекітілді. Жаңадан құрылған облыс болғандықтан, жаңа жобамен ғимараттар салу, қаржы-шаруашылық жұмыстарын ұйымдастыру сияқты күрделі мәселелер алға қойылды. Олардың жобаларына тапсырма беру, жұмсалатын қаржыны бекітіп, құрылыс мекемелерімен келісу сияқты жауапты міндеттерді орындау Сарқыт Болатбековтың еншісінде болды. Осы жұмыстардың жедел және оң шешімін табу үшін Орталық Комитеттерге – Алматы мен Мәскеуге сан алуан іссапармен



барып, шаруаны шешіп қайтатын. Жезқазған облысының құрылып, республикадағы алдыңғы қатарлы аймаққа және мықты экономикалық өңірге айналуына ол кісінің де сіңірген еңбегі ұшан-теңіз.

1982 жылы облыс басшылығы С.Болатбековті облыстық тұтынушылар одағын басқаруға жіберді. Берілген жұмыстан бас тартып көрмеген ол жаңа қызметке жігерлене кірісті. Ұзақ жылдар басшылық қызметте болып, бойына жинаған білімі мен тәжірибесіне сүйенген ол жұмысты нық сеніммен бастады. Жаңа қызметте де үлкен абыройға ие болып облыс, аудан тұтынушыларының талап деңгейінен көрінді. Хакім Абай «Өзің үшін еңбек қылсаң, оттаған хайуанның бірі боласың,

адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, Алланың сүйген құлының бірі боласың» деген екен. Иә, С.Болатбеков халықтың қамы үшін адал еңбек етті және тер төкті.

Бүгінде ол кісінің басшылығымен салынған қаладағы әкімшілік үйі, көптеген облыстық мекемелердің ғимараттары, аудандардағы ауруханалар мен мектептер, тұрғын үйлер, басқа да құрылыстар халықтың игілігінде. Аталған құрылыстардың бәрінде С.Болатбековтің қолтаңбасы бар. Ол салқынқанды, ақылды, адал және тапжылмай еңбек еткен басшы бола білді. «Адамның ісі қандай болса, өзі де сондай» деген халық даналығы бар емес пе? Осы даналық сөз іскер ұйымдастырушы, білікті маман және мемлекетшіл

азамат Сарқыт Болатбеков секілді тұлғаларға қаратып айтылғандай.

Қазақстан тәуелсіздігін алып, елімізге жаңа саяси жүйе, нарықтық экономика қызу кірген кезінде Жезқазған кен-металлургия комбинатына да С.Болатбеков сияқты іскер мамандар керек еді. Ол қайтадан байырғы еңбек ордасы – комбинатқа орналасып, директордың экономика жөніндегі орынбасары, «Қазақмыс» холдингтік компаниясы вице-президенті қызметіне дейін көтерілді және сол жерден құрметті зейнет демалысына шықты.

Өзінің еңбек жолында, басшылық қызметтерде ол кісі елімізге танымал тұлғалар, жаны жайсаң тамаша адамдармен қызметтес және сыйлас болды. Солардың қатарында мемлекет және қоғам қайраткері К.Салықов, партия-кеңес қызметкерлері О.Асылбеков, Х.Жұмабеков, Н.Ибраев, А.Рахымжанов, Ә.Құнанбаев, Т.Ысмағұлов, Т.Урумов, Ж.Аралбаев, Д.Есжанов және басқа да ел ағаларын көптеп айтуға болады. Олардың біріне ақылшы аға, біріне ізетті іні бола білді. Олардың қызметке берілгендігі, жұмысты жетік білуі мен ұйымдастырушылық шеберлігі қайталанбас өнеге еді.

С.Болатбеков Жезқазғанға белгілі ақсақал, сыйлы азамат қалпында 2013 жылы өмірден озды. Бұл күнде жан-жары Нұрайша ана өсірген ұрпақтарының қызығын көріп, қара шаңырақтың иесі, ұлы Айбол мен келіні Жаңагүлдің қолында бақытты ғұмыр кешуде.

Әр адамның өмірі – терең тарих. Сен мейлі ұлықсың ба, кішісің бе, бәрібір, әркімнің бұл фәниде қалдырар ізі бар. Бәлкім, жұмыр басты жан иесінің жарық дүниедегі тірлігінің бар мән-мағынасы сол қалдырған іздерінде болса керек. Адам баласы өзі тіршілік еткен бұл өмірінде тек жақсылық қана сыйлап өтетін болса, ондай жанның ғұмыры көз жұмғаннан кейін де жалғаса береді. Азаматтық қасиеті өз қара басына емес, басқаға жасаған қайырымдылығымен өлшенетіні рас болса, сол адамгершілікті қорғауға, ізгілікті қолдауға, жалпы өміртануға қосқан С.Болатбековтің қомақты үлесі дәлел болады. Әйгілі ақынымыздың кейіпкерімізге арнаған жыр жолдарының шын жүректен шығуы мен шыншылдығы, сезім пернесі асқан көрегенділікпен төгіліп тұруы да осыған саяды...

Ұлан ҚАДЫРБЕКҰЛЫ,
Жезқазған қаласы,
Ұлытау облысы

ЕСЕП

ӘДІЛ ТӨРЕЛІКТІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ЖАҢА МІНДЕТТЕРІ ЖҮКТЕЛДІ

Қарағанды облыстық сотында өңірдегі соттардың соңғы 6 айдағы сот төрелігін жүзеге асырудың қорытындылары бойынша кеңейтілген отырыс өтті.

Отырысқа алқа төрағалары, облыстық соттың судьялары, Қарағанды облысы бойынша департамент басшылығы, аудандық және оған

ламасымен және кадрлық өзгерістермен таныстырды. ҚР Президентінің ағымдағы жылдың 26 маусымындағы Жарлығына сәйкес, Қарағанды об-

хан Бөкейхан ауданының №2 сотының судьясы Марат Әміровті салтанатты түрде шығарып салды.

Бірінші сатыдағы соттар мен апелляциялық сатысының сот төрелігін жүзеге асырудың сандық және сапалық көрсеткіштері туралы қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Рашид Нұрмағамбетов, азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Шахатбек Әбдіров пен әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Мұрат Туғанбаев хабардар етті.

Судья әдеби жөніндегі комиссияның және судьялардың әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тобының жұмысы туралы облыстық соттың судьялары Бақытжан Маймақов пен Саят Оразбаев баяндады.

Жиналысты қорытындылай келе, Е.Әріпов сот төрелігін жүзеге асыру және сот актілерін дайындау сапасын арттыруды тапсырып, сонымен қатар «Төрелік» ақпараттық жүйесіне сот актілерін уақытылы салу, процессуалдық мерзімдердің бұзылуына жол бермеу, азаматтық сот ісін жүргізуде медиацияны қолдану аясын кеңейту қажеттігін баса айтты.

Қарағанды облыстық сотының баспасөз қызметі



теңестірілген соттардың төрағалары мен судьялары қатысты.

Іс-шараны облыстық соттың төрағасы Ерден Әріпов ашып, кеңестің бағдар-

лыстық сотының судьялары болып Талғат Нығметов және Айгүл Смаилова тағайындалды. Судьялар құрметті демалысқа Қарағанды қаласының Әли-

ҚҰРЫҚ

Қызылордада «Қарасора – 2023» шарасы барысында есірткі өсірумен айналысқан 21 адам ұсталып, алтауы тұтқындалды.

«ҚАРАСОРА - 2023»: КҮРЕС КҮШЕЙДІ

Қазіргі уақытта республика көлемінде есірткі қылмысының жолын кесуге бағытталған «Қарасора - 2023» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде. 1 маусымда басталған шара 31 қазанға дейін өткізілмек.

«Қарасора – 2023» шарасының басты мақсаты – есірткіге байланысты құқықбұзушылықтардың алдын алу және оларға қарсы іс-қимыл жасау, сондай-ақ құрамында есірткі бар өсімдіктерді өсіру және дайындау фактілерінің жолын кесу.

Іс-шара басталғалы облыс көлемінде барлығы 38 есірткіге қатысты құқықбұзушылықтар

анықталды. Оның ішінде 17 есірткі өсіру, 2 есірткі өткізу, 1 аса ірі мөлшерде сақтау және 18 есірткіге байланысты қылмыстық теріс қылықтар кездесті. Заңсыз айналымнан 7 кг марихуана және 366 кг каннабис өсімдігі алынды.

Есірткі өсірумен айналысқан 21 адам құрықталып, алты адам қамаққа алынды.

Қазалы, Сырдария, Шиелі аудандары аумағының далалық аймағынан ірі есірткі алқаптары анықталды.

Қызылорда облыстық ІІБ баспасөз қызметі



ТҮЙТКІЛ

Бас прокуратураның мәліметінше, 2022 жылы 157-ден астам қылмыстық құқықбұзушылық жасалған. Олардың 20 пайызы немесе 31 мыңнан астамы құмар ойындар негізінде жасалған. Бұл мәселе «Ойынқұмарлық – қоғам дерті» атты тақырыппен Атырауда өткен дөңгелек үстел жиынында да сөз болды.

ҚҰМАР ОЙЫНДАРЫ МӘСЕЛЕСІ САУАЛ ЖОЛДАУДАН ӘРІГЕ АСА АЛМАЙ ТҰР

ҚР Мәжілісінің депутаты Руслан Берденовтің айтуынша, соңғы үш жылда отандастарымыз құмар ойындарға 1 трлн теңгеден астам қаражат жұмсаған. Бұл алаңдаушылық туғыз-бауы мүмкін емес.

– Букмекерлік кеңселер мен құмар ойындар – елдегі қылмыс тудыратын ең күрделі мәселелердің бірі. 2022 жылғы статистикаға сәйкес, 3676 суицид фактісі жасалған. Олардың әрбір бесіншісін құмар ойындарға әуес адам жасайды, – дейді Р. Берденов.

Шетелдік тәжірибеге көз жүгіртсек, Қырғызстанда букмекерлік кеңселер мен тотализаторлардың қызметіне тыйым салынады. Оңтүстік Корея мен Қытайда да құмар ойындарға ресми түрде тыйым салынады. Онлайн-казино ойыншылары түрме жазасына кесіледі. Сонымен қатар құмар ойындарға қатысты барлық интернет-сайттар қатаң цензураға ұшырайды және бұғатталады.

Қазақстанда букмерлік кеңселер спорттық шаралардың белсенді демеушісі ретінде бұқаралық ақпарат құралдарында күні-түні насихатталып жүргенін ескерсек, құмар ойындарын ұйымдастырушылардың бизнесі жақын арада тоқтамайды. Бұл құмар ойындарына жұмсалатын қаржы көлемі де жыл өткен сайын өспесе, кемімейді деген сөз. Ал заң шығарушы билік органы өкілдері әзірге Үкімет мүшелерінің атына сауал жолдаумен ғана шектеліп жүр.

РУХАНИЯТ



Қонақтарды ыстық бауырсақпен қарсы алып, қазіргі қазақ жерінде сақ дәуірінен қазақ хандығына дейінгі тарихи кезеңдерде өмір сүрген көшпенділердің сауыт-сайманын таныстырған орталық қызметкерлерінің барлық түрі мен олардың ерекшеліктері соғыс жағдайында көрсетіліп, түсіндірілді.

– Біз Қарағандыда тұрамыз. Алматыдағы балаларымызға демалып қайтайық деп келгенбіз. Nomad этноорталығында өткен «Көшпенділер әлемі» фестивалі

КӨШПЕНДІЛЕР ӘЛЕМІНІҢ ҚҰПИЯСЫ ТОЛЫҚ АШЫЛМАДЫ

«Біз өз тарихымызды білмейді екенбіз». Бұл Алматы облысы Қарасай ауданындағы Nomad этноорталығында өткен «Көшпенділер әлемі» фестивалі кезінде көрермендер арасында ең көп айтылған сөз болды.

өтетінін естіп келдік. Ата-бабаларымыздың қару-жарақтарын сақ, үйсін, қаңлы, түркі, хазар, қыпшақ, қазақ деген сияқты кезең-кезеңімен таныстырғаны өте керемет болды. Көп мағлұмат алдық. Сол сияқты мен көкпардың мәнісін білмейді екенмін. Соғыста жарақат алған және қайтыс болған адамдарды ата-бабаларымыздың майдан даласында қалдырмай алып кетуінде көкпардың әсері бар екен. Өйткені олар жау қолында қалатын болса, бұл өзгелердің жауынгерлік рухын түсіреді. Көкпарда шыныққан адам шегінген жағдайда қарулас достарын ат үстінен оңай іліп алып, мінгестеріп алып кететіні анық, – деді Жеңіс Жарықов деген ақсақал.

Өзін Вера деп таныстарған мейман фестивальден алған әсері туралы «мен бұрын тарихи фильмдерде қылышын ойнатып, ары-бері сермеп жүргендер жай ермек үшін жасайды деп ойлайтынмын. Бүгін оның қате екенін түсіндім. Садақ, қылыш, шоқпар, айбалта, найзаның әрқайсысының қолданатын орны бар екеніне көзім жетті. Мен енді балаларымды Станислав Потаповтың шеберлік дәрісінен кейін қару-жа-

рақты шебер меңгеруді үйрететін мектебіне жібергім келіп отыр» деп бөлісті. Ал оның қыздарына ат үстінде жамбы атып, көкпар тартып, аударыспақта күш сынасқан жігіттердің ептілігі, шетерлігі де қатты ұнаған. Сондай-ақ қылыш, найза, айбалтаны тек ересектер ғана емес, балалар мен қыздардың үйренуіне болатыны



да ерекше әсер еткен. Сондықтан олардың қаруларын қолымен ұстап, балалар мен қыздармен сұхбаттасқаннан кейін мектептегі тарих пәнін дәл осылай оқытса ғой деген армандарын да жасырмады.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ
«Заң газеті»

ТАРАТУ

2. «МКС Агро» ЖШС (БСН 161140024639) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 020000, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Глинин көшесі, 44/4 үй.

3. «ЖАЛАЙЫР ШОРА» ЖШС, БСН 980640000251, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Нұрлы ауылы, Масақ ауылдық округі, Құрманғазы көшесі, 14 үй. Тел.: 87476649928.

4. «Gold Great Galaxy» ЖШС, БСН 210640010785, 130000, ҚР, Маңғыстау обл., Ақтау қаласы, 26-58, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 130000, ҚР, Маңғыстау обл., Ақтау қаласы, 26-58, БО «Отар». Тел.: 87015994225.

5. «МФО «Хан-Тенгри Финанс» ЖШС, БСН 220740005605, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Иманбаева көшесі, 53 үй. Тел.: 87785155238.

6. «МФО ФинПрофит» ЖШС, БСН 220740005685, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Байтасов көшесі, 45 үй, 6 пәтер. Тел.: 87785155238.

14. «Түпқараған аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік мекемесі, «Түпқараған ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, БСН 110740004842, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Маңғыстау облысы, Түпқараған ауданы, Форт-Шевченко қаласы, Оңғалбайұлы көшесі, №2 ғимарат. Тел.: 87014017360.

16. «Жаханша-2020» КС» ЖШС, БСН 120540015595, өз жұмысын тоқтататындығы туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Батыс Қазақстан облысы, Сырым ауданы, Жымпиты ауылы, Қазақстан көшесі, 5 үй.

19. «Бригада-NEXT 566333» ЖШС, БСН 050440000825, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қостанай қаласы, Баймағамбетов көшесі, 162 үй, 82 пәтер.

20. «КАРСПЕЦСТАЛЬ» ЖШС, БСН 040640006413, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Орлов көшесі, 45, тел.: +77017766999.

21. «NUR TRUST» ЖШС, БСН 170840032446, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтау қаласы, 31 ықшамаудан, 3 үй, тел.: 87754151460.

22. «Forward 2020» ЖШС, БСН 970340000030, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қарағанды қаласы, Абай көшесі, 69 үй, тел.: +77023486823.

23. Орал қаласы әкімдігінің «Орал қаласының азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі» мемлекеттік мекемесі (БСН 151040006209) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзімі ішінде мына мекенжайда қабылданады: БҚО, Орал қ., Н.Назарбаев даңғылы, 182/1, тел.: 8(7112)507054.

24. «Жетісу облысы, Сарқан ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ, БСН 110640017137, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, Тәуелсіздік көшесі, 117 үй, тел.: 87007383340, 87714411044.

ӘРТҮРЛІ

10. «Жаңаөзен қалалық жер қатынастары бөлімі» ММ (БСН 020940003014) өзіне «Жаңаөзен қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ (БИН 060640006942) қосып алу арқылы қайта ұйымдастырылғаны және атауының «Жаңаөзен қалалық жер қатынастары, сәулет және қала құрылысы бөлімі» ММ болып өзгергені туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Маңғыстау облысы, Жаңаөзен қаласы, «Жалын» ықшамауданы, құр. 25Б.

11. Калюх Валентина Анатольевнаң арызының негізінде Бейімбет Майлин аудандық сотында 14.02.1964 ж.т., Қостанай облысының тумасы, Таран ауданы, Журавлёв ауылының тұрғыны болған Калюх Виктор Васильевичті хабар-ошарсыз кеткен деп жариялау туралы азаматтық іс қозғалды. В.В. Калюхтің қайда жүргені туралы білетін жандардың осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзім ішінде Қостанай облысы, Бейімбет Майлин аудандық сотына хабарласулары сұралады. Мекенжайы: Әйет ауылы, Тобыл көшесі, 36.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) РВК банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева». Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@gmail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштарасы. argadow_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибоева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 870544222939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetysaiity.kz, e-mail: vs gazetey@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIROС» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybaeyeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

БАЙҚАУҒА!

(Соңы. Басы №49 санда)

– Біздің версиямыз дұрыс секілді. Бұл іске «Делецтің» толық қатысы бар. Бірақ ол тапаншаны кімге берді? Мәселе осында боп тұр. Оны қазір қысатын болсақ, оның жауабы дайын, «жоғалтып алдым» дейді. Біз оған не дейміз. «Советский методпен» қысатын болсақ «правозащитниктер» адам құқығы бұзылды деп шү көтереді.

– «Тактичный допрос» жасаңдар. Көрейік.

– Құп болады!

Көп ұзамай «Делец» тергеу изоляторына қамалды. Ұзын бойлы, шикіл сары жігіт алғашқы тергеу амалдарының өзінде-ақ ат-тонын ала қашты. Бизнесменді қатты сыйлайтындығын, көңіл кимас дос екендерін алға тартты. Сол себепті, туған күні болған кезде бизнесмен достығының белгісі ретінде бұған тапаншасын сыйға тартыпты. Себебі, компанияның талай күрделі істерін осы «Делец» мыңқ демей шешіп жүрген көрінеді. Күн-түн қатқан еңбегін бағалаған түрі. Бір жолы Сібірге барып, құрылыс материалдарын әкелер кезде көп қиындықтар көргенін тілге тиек етті. Бір дорба ақша арқалап, қарусыз тайга аралаған кездерін еске алды. Құдай сақтағанда орманнан аман-есен шығыпты. Осындай қиындық шеккеннен кейін бизнесмен оған қару сыйлауды ұйғарған секілді. Тапанша жайын сұрағанда, бәрі де жоғарыда айтылғандай боп шықты. Жоғалтып алыпты. Қалай жоғалтқанын білмейді. Тергеушілер сан түрлі тактика қолданып, сан түрлі сұрақтармен қысқанымен, ол осы жауабынан танбады...

...Арада зымырап бірнеше ай да өте шықты.

– Іс созылып барады. Прокуратура «срок» деп қысып жатыр, мерзімін ұзарта-ұзарта болдық. Амал жоқ, бұл істі «за незаконное ношение и приобретение оружия» бабы бойынша жібереміз сотқа. Қол қойыңыз! – тергеу бөлімінің бастығы қылмыстық іс тігілген бір папка қағазды Әубәкіровтың алдына қойды.

– Айналасы тексерілді ме?

– Иә. Барлық достары, таныстары, бизнес-партнеры, бәрі тексерілді. Он шақты адам күдіктілер қатарына қосылғанымен, одан ештеңе шықпады. Тергеуші өз ісін білетін қызметкер. Әубәкіров оған үлкен сенім артады. Бұл жолы да оның ісінен ілік таппады. Логикасы, ойлау масштабы жетерлік. Бірақ істің сәті түспей тұрса не істерсің?! Әубәкіров амалсыздан:

– Жарайды. Жіберейік. Бірақ бұл іс мұнымен бітті деген сөз емес. Бұл іс қашан ашылғанша біздің мойнымызда тұрады. «Делецтің» мойнына кінәсын қоя алмағанымыз өкінішті. Тағы бір «ви-ся» деген осы, – деп қинала отырып, қол қойды.

Қылмыстық іс прокуратураның сараптамасынан өтіп, сотқа жетті. Сот оны бар жоғы бір жылға ғана соттады...

– «Делец» түрмеге жақсы «настроением» кетті. Тіпті, «приговор» шыққанда жымиғанын көрсеніз ғой. Қылмысты іздестіру бөлімінің бастығы осыны айтып Әубәкіровтың бетіне қарады.

– Да-а... жеңіл құтылды. Иә, ол қылмыс сценарийін жақсы жасадым деп тұр. Мен әуелгіде тапаншаға байланысты «киллердің қателігі шығар» деп ойлаған едім. Әзірге сәттілік сол жағында болып тұр. Оның ішінде бір құпия кетіп барады... Агенттерді де іске тартыңдар. Дұрыстап түсіндіріңдер. Бұл анау-мынау адам емес. Өте сақ болу керек, Әубәкіров сұқ саусағын көрсетті, – біз қалайда киллерді табуымыз керек.

Құдай Әубәкіровтың аузына салып тұрғандай екен, көп ұзамай агенттердің бірінен желдей есіп маңызды мәлімет түсті. Агенттің сөзіне қарағанда қылмыс әлемінің Паша есімді бір серкесі «жынды суға» толып отырып, бизнесменді өлтірген киллердің кім екендігін айтыпты. Жай айтпаған. Тіпті, сол киллермен әжептәуір таныс көрінеді. Мына хабарды естігенде Әубәкіровтың құлағы елең ете қалды. Телефон тұтқасын алып:

– «Куратор-оперативникті» маған тез шақырыңдар! «Явочнаяға» келетін болсын! – деді. Қолын ысқылап қойды. Телефонның арғы жағындағы бөлім бастығы:

– Ол қалада, объектіде жүр. Басқа

бір тапсырмамен жіберген едік. Базардан табылған «трүп» бойынша. Ал агентпен кездесу... – деп айта бастап еді, Әубәкіров оған айқай салып:

– Айтқанды неге орындамайсыңдар! Айттым ғой. Басқа объектіні қоя тұрыңдар. Басты жұмысымыз – «тапсырыспен кісі өлімі». Тез арада киллерді табуымыз керек. Бүкіл ел шулап отыр. Бұл жерде полицияның беделіне нұқсан келмеуін ойлауымыз қажет. Осыны қашан түсінесіңдер. Базар дейді ғой. Тез табыңдар, – осыны айтып Әубәкіров үстіндегі «формасын» шешіп, спорттық киімдерін кие бастады.

Көп ұзамай «куратор-оперативник», яғни құпия агенттердің жетекшісі қала ішіндегі құпия пәтерде, бастықтың алдында отырды. Сыртқы дене-тұрқында ешқандай ерекшелігі жоқ, отыз-отыз бестердегі жігіт өзінің пайымдауын айтып жатты.

– Пашаны көрген жоқпын. Дегенмен оны «алу» әлі ерте деп ойлаймын.

– Неге?

– «Наружкаға» қою керек. «Наружкаға» берсек басқа да элементтер ілігуі мүмкін деп ойлаймын. Оның бір өзін алғаннан не пайда? Отырып келген адам. Қасарысып ештеңе де

КИЛЛЕРДІҢ ҚАТЕЛІГІ

айтпайды.

Текке байланысты жоғалтамыз. Сізді де түсініп отырмын. Қылмыстың тезірек ашылғаны жақсы ғой. Бірақ ол үшін сабыр керек. – «Куратор-оперативниктің» мына сөзі көңілге қонатын секілді. Шынында бір-екі ай бақылай тұрса болады ғой. Басқа да қылмыстардың беті ашылуы мүмкін...

– Жарайды, – деді Әубәкіров, – басыңмен жауап бересің! Түсіндің бе! «Срочно» хабарлайтын мәліметтер болса маған қалай хабарласуды білесің! – Құп болады! – деген жігіт жылдамдата басып пәтерден шығып бара жатты.

Ал қызықтың көкесі осыдан кейін басталсын. «Куратор-оперативник» агентін күнде баптап, қылмыс әлеміне салып, ол жақтан екі құлағы төрт болып сүйінші хабар күтіп жүргенде... күтпеген жаңалық келді... әлгі Паша батыр Қапшағайдан келе жатқанда жол апатынан қайтыс болыпты. Ал әйтпесе! Сөйтіп, қолда тұрған бір жіптің ұшы үзілді. Енді үміт артар ештеңе қалмағандай еді.

Мұны естіген Әубәкіровтың көңіл-күйі түсіп кетті. «Куратор-оперативникке» қалай дауыс көтергенін өзі де сезбей қалды. Жүйкесінің сыр бере бастағанын осы жолы аңғарды. «Ашу дұшпан, ақыл дос» деп үнемі айтып отыратын анасының сөзі ойына оралып, өз-өзін сабырға шақырғандай болды...

...Уақыт сығып өте берді. Ал қылмыстың ашылатын түрі жоқ. Күндіз күлкіден, түнде ұйқыдан айырылғандай күйге түсті. Киллердің әмбебап екені рас болса, онда ол қолындағы тапаншасын әлдеқашан адам аяғы баспас бір жерге лақтырып тастағаны сөзсіз. Тапсырыс берушінің де қарап жатпасы анық. Мүмкін ол киллердің көзін жоған да шығар. Орындаушы жоқ болса, заттай айғақ болмаса қылмысты қалай ашарсың? «Нет человека – нет проблемы» деген Сталиннің сөзі осындайда ойға түседі. Олай болса бұл қылмыс ашылмай қалуы да мүмкін деген сөз. Енді тергеуге алатын да ешкім қалмаған секілді.

Дегенмен подполковник Әубәкіров жедел іздестіру-тергеу амалдарын жан-жақты жалғастырып жатты. «Делец» сотталды деп істі тоқтатып қоюға болмайтынын түсінді. Өйткені, бұл ар-намыстың, іскерліктің көрінетін сәті екенін іштей сезінді. Миллиондаған адамның бұл іске көз тігіп отырғаны анық еді. Соны ойлағанда Әубәкіров түн ұйқысынан оянып кететін әдет тауып алды.

Алматы және Алматы облысындағы адам өлтіру оқиғаларына қатысы бар, жазасын өтеп келген бұрынғы қылмыскерлердің барлығы жіті тексеруден өтті. «Бизнесмен қайтыс болған күні олар қай жерде жүрді, кіммен сөйлесті, кіммен кездесті?» деген мәселелер тыңғылықты тексерілді. Осылардан жіптің ұшы шығып қалардай болып еді.



Бірақ үміт ақталмады. Белгісіз өліктер де тексерілді. Олардың арасында киллерге сырттай ұқсастықтары болуы мүмкін өліктер бойынша ерекше сипаттамалар жүргізіліп, ерекше хаттамалар толтырылды. Табылған, тәркіленген қару-жарақтар да назарға алынып, бизнесменнің өліміне қатыстылығы тексеріліп тұрды. Бұдан бөлек құқық қорғау органдарының өзара ынтымақтастығы негізінде киллерге халықаралық іздеу жарияланып, оны жер шарының түкпір-түкпірінде іздеу жұмыстары жүргізіліп жатты...

Бірақ үміт ақталмады. Белгісіз өліктер де тексерілді. Олардың арасында киллерге сырттай ұқсастықтары болуы мүмкін өліктер бойынша ерекше сипаттамалар жүргізіліп, ерекше хаттамалар толтырылды. Табылған, тәркіленген қару-жарақтар да назарға алынып, бизнесменнің өліміне қатыстылығы тексеріліп тұрды. Бұдан бөлек құқық қорғау органдарының өзара ынтымақтастығы негізінде киллерге халықаралық іздеу жарияланып, оны жер шарының түкпір-түкпірінде іздеу жұмыстары жүргізіліп жатты...

Кездейсоқтық категориясы. 31.03.1998 жыл

...Арада сынаптай сырғып бес жыл да өте шықты. Бизнесмен ісі ашылмайтын, болашағы жоқ қылмыстық істер қатарына қосыла бастағандай еді. Әрине, мұндай істер құқық қорғау органдарында кездесе береді. Айлап, жылдап, тіпті ғасырлап та ашылмайтын қылмыстық істер болады. Бірақ бір нәрсе айқын екенін кәсіби қызметкерлер жақсы біледі – қанша уақыт өтсе де сол қылмыс түбінде бір ашылады. Осындай қағидаға сенетіндердің бірі подполковник Әубәкіров еді. Бизнесменді атқан киллердің түптің түбінде ұсталатынына іштей сенді.

Бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылдың отыз бірінші наурыз күні Алматы қаласының Бостандық ауданыдағы ішкі істер басқармасының патрулдік экипажы жол қозғалысын өрескел бұзып жүрген «Мерседес» көлігін Науай және Ангарная көшелерінің қиылысында тоқтатуларына тура келді. Терезелері, тіпті маңдай терезесіне дейін қара пленкамен қапталған көлік жүргізушісі әлдеқайда асығып тұрғанын сездірді. Салонда екі-үш адамның отырғаны байқалды, түр-келбеттері күдік тудырғандай болып көрінді. Жап-жас жігіттер екені түрлерінен байқалады. Ал көлік жүргізушісі отыздың айналасындағы тісқаққан біреу.

– Баскеке, мүмкін келісе салармыз, асығып бара жатыр едік, – деп жедел уәкілдің асты-үстіне түсіп жатыр, – мыналар менің қонақтарым ғой. Сәл-пәл нарушение болды, мінекей, алыңыз, – бөлінен бүктелген жасыл банкноттарды ұсына берді. Оның бұл сөзіне мән бермеген жедел уәкіл артқа қарай шегініп, үндемей құжаттарын тексере бастады. Көлік жүргізушісінің құжаттары дұрыс екен. Төлқұжат, жүргізушілік куәлігі бар. Кезек салонда отырғандарға келді. Салон іші көк түтін. Іште отырып темекі шегіп келе жатқандықтары аңғарылады. Ішімдіктің де иісі шығатындай. Қолқаны қабады. Экипаж мұндай сәтте не істеу керегін жақсы біледі. Мұндай күдік тудыратын адамдарды нұсқаулық бойынша қатаң тексеру қажет. Әуелі құжаттары тексерілді. Тексеру барысында бірінің қалтасынан газды тапанша сусып жер-

ге түсіп кетті. Рұқсаттамасы жоқ. Жүргізуші орындықтарының астын қараған кезде бір қорап 9 мм патрондар қолға ілікті.

Істің насырға шауып бара жатқанын, әрі жедел уәкілмен келісудің мүмкін емесін сезген көлік жүргізушісі кенет көз ілеспес жылдамдықпен бөлінен тапаншасын суырып алып, атып салды да, қаша жөнелді. Бостандық аудандық ішкі істер басқармасының аға жедел уәкілі болып қызмет істеп жүрген Сырғабек Сүгірбаев қақ жүрекпен тиген оқтан оқиға орнында қаза тапты. Патрулдік машинада отырған милиция сержанты жалма-жан тапаншасын оқтап, қашып бара жатқан қылмыскердің соңынан түсті. Сержант оңтайлы сәтте көздеп тұрып екі рет атты. Екі оқ та қашқының аяғына дәл тиіп, ол топалаң асты. Бірақ жаны сірі екен. Әлі де сүйретіліп қашып барады, оқтын-оқтын артына бұрылып атып қояды. Кенет ол жерге жата қалып, сержантты көздеп тұрып екі рет атты. Бұл жолғы оғы сержанттың аяғы мен кеудесіне дәл тиді. Ауыр жараланған сержант құлаған жерінде қалды. Ал қашқын сүйретілген күйі бұрылыста тұрған машинаға жетіп, ондағы жүргізушінің маңдайына тапаншасын тақады. Адам тасып нәпақасын тауып жүрген жүргізушіде жан қалмады. Қашқының оңға, солға деп жол көрсетуімен кете барды...

... «Мерседесте» қалған екі жас жігіт экипажға қарсылық көрсетпеді. Көз алдарында болған оқиғадан шошынып қалған секілді, өздерінің бастарын сауғалап, бірден «Мерседес» жүргізушісінің мекенжайын айтып салды...

Бұдан кейінгі мәселе өз кезегімен шешіле берді. Құдіктінің аты-жөні Сергей Басков екен. Көп ұзамай қолға түсті. Тапаншадан ат-тонын ала қашты. Көшеден жақында ғана кездейсоқ тауып алғанын, патрулдік экипажға қарсы одан алғаш рет оқ атқандығын, одан кейін қашып келе жатып жоғалтып алғанын айтты. Бірақ мұндай өтіріктің талайын көрген Мұқашев оған сене қоймады. Мұның сөзінің қаншалықты рас екенін білу үшін әйелінен жауап алуды ұйғарды. Сау етіп, кездейсоқ келген жедел топ өкілдерінен шошып қалған әйелі тапанша туралы сұраққа еш қиналмастан жауап берді. Тапаншаның бірнеше жылдан бері күйеуінің қолында жүргенін, әрі оны бақшадағы дәретхана ішіне тығып қоятынын айтты. Тапанша айтқан жерінен табылды. «Бірнеше жыл» дейді. Яғни бұл тапаншаның талай қылмысқа қатысы болуы мүмкін ғой» деп Мұқашев іштей ойлап қойды.

...Түннің бір уағы. Басковтан алынған блокнотты Мұқашев тағы да мұқият қарай бастады. Кішкентай ғана, жырым-жырымы шыққан қара блокнотта бір құпия тығылып тұрғандай сезімде болды. Интуиция дегеніңіз кейде із кесушінің таптырмайтын көмекшісі болатыны анық. Бұл жолы да алдамаған секілді. Мұқашев кенет өз көзіне өзі сенбей селк ете қалды. Иә, өзіне баяғыдан таныс, таныс болғанда бес жыл

бойы жаттап алған, ұйықтаса түсіне кіретін «Делец» «досының» фамилиясы жүр. Оның мекенжайы, телефоны жазылпты. Ал әйтпесе!

– Қызық! Бұларды не байланыстыруы мүмкін?... Ертеңіне мұны естіген басқарма бастығы Әубәкіров те ойла-нып қалды. Әрі Мұқашевтың қашанда бір іспен айналысса түбіне жетпей қоймайтын тыңғылықты қасиетіне риза кейіппен қарады. Жіптің ұшы қолға ілінгендей болды. Шынымен бұдан бес жыл бұрынғы, ұмытыла бастаған қылмысқа қатысы бар ма екен?

– Меніңше бар сияқты. «Делецтің» түрмеден шыққанына талай уақыт болды. Ол жеңіл құтылдым деп ойлайтын шығар. Бірақ «заказчик» сол екеніне сенімдімін! Қазір құрылыс компаниясының басшысы сол. Мүмкін орынтаққа таласып, мүмкін ақшаға таласып, кім біледі, бірақ бизнесменді өлтіруге сол тапсырыс беруі мүмкін деп о баста ойлағанмын! Қанша күдіктенгенмен, кезінде біз оны дәлелдей алмадық. Өйткені, дәлел болмады қолымызда. Киллерден айырылып қалдық. Енді міне, арада бес жыл өткен соң киллер де, тапанша да өзі келіп қолға түсіп тұрған секілді! Қалай ойлайсыз?

– Ол да мүмкін. Онда былай істейік. Шұғыл түрде тағы да әйелінен жауап алыңдар. Сол күні қайда болыпты?

Әйелі оқиға болған күні күйеуінің қансырап келгенін, жарасын танып, досының үйіне барғандарын айтты...

– Мына фотосуреттердің ішінен досын танысыз ба? – Мұқашев әйелдің алдына бірнеше фотосуретті жайып салды. Әйел барлық суретке бір көз тастап шықты да, «Делецтің» суретін көрсетті.

– Осы кісі. Бизнесмен екен.

Бұдан артқы маңызды ештеңе айта алмады. Әубәкіров пен Мұқашев екеуі терең ойға түсті.

– Біздің болжам дұрыс болып шықты. «Делецті» таниды. Құрылыс компаниясының президенті мен мына қылмыскерді шынымен бизнесменнің өлімі байланыстырып тұр ма? – Әубәкіров терезеден далаға көз салды.

– Полковник мырза, тез арада «Делецті» бақылауға алуымыз керек. Ол ендігі қашқалы жатқан шығар, – Мұқашев осыны айтуы сол екен, Әубәкіров өте дұрыс айтты дегендей басын изеп, жедел түрде ішкі байланыс телефонын тере бастады...

– Жолдас полковник. Идея бар, – Мұқашев сыбырлай сөйледі.

– Айт!

– Басковтың қасына агент отырғызсақ, камераға, қалай болады?

– Не үшін?

– Агент те әлдебір ауыр қылмыс үшін ұсталған болсын. Қалтасына «синтетик» салып жіберейік. Екеуі «по душам» әңгіме айтсын. Мүмкін Басковтан құнды ақпарат шығып қалар. «Опиумның» қай-қайдағыны ойға түсіретін бір қасиеті бар ғой. Әйтпесе, киллер «Делецті» танымаймын деп басын алып қашатындығы сөзсіз.

– Болсын. Ұйымдастыр. Көрейік. Жақсы идея!

Із кесушінің бұл идеясы да ондыққа дәл тигендей болды. Камераға отырғызылған агент тез арада Басковтың сеніміне кіре білді. Әлсіз жері «копium» екенін де сезді. Басы айналып, өмірдің ләззатына шомып отырған Басков өзінің құралайды көзге атқан мерген екенін айтып мақтанды. Әскери училищеде оқып жүргенде де барлық мишеньдерді, тіпті жылжымалы мишеньдерді де көздемей атып құлататындығын жыр қылды.

Қызды-қыздымен отырып, қасындағы агенттен бұдан бес жыл бұрынғы Милохин өліміне қатысты оқиғаны білетін-білмейтіндігін өзі сұрады. Әрине, бүкіл елді шулатқан оқиғаны кім білмесін. Агент естігенін айтты. Бұған арқаланған мерген жігіт бұдан бес жылдай уақыт бұрын бизнесменді де, оның жүргізушісін де қаланың қақ ортасында көздемей-ақ жайратып салғанын сыбырлап жеткізді...

Көп ұзамай эксперт-баллистик дайындаған қорытынды да қолға тиді. Иә, бұдан бес жыл бұрынғы ел-жұртты дүрліктірген оқиғаға Сергей Басковтан алынған тапаншаның тікелей қатысы бар болып шықты. Яғни желтоқсанның сол бір аязды күні бизнесмен мен жүргізушінің ажалы осы тапаншадан екендігі ғылыми тілмей дәлелденіпті...

Мұхтар АНАРБЕКҰЛЫ

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
ЖАУАПҚЕРШІЛІГ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана	Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.
Алматы облысы	Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.
Ақтөбе облысы	Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.
Атырау облысы	Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80.
Маңғыстау облысы	Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.
Қызылорда облысы	Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.
Түркістан облысы	Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665
Батыс Қазақстан облысы	Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі: 292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz
E-mail: zankreklamaastana@mail.ru
«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
Жеке таралым 5596 дана
Апталық таралым 11 192 дана
Тапсырыс №98 Индекс 65921
Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.
Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.
Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.
Газетті есепке қою туралы №16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.
Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31